Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

# Shet shuǵylasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıasi gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 15 shilde 2021 jyl №28 (10 856)

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Нұрсұлтан - табыс пен өркендеудің символы

## ЕЛОРДА ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ӨРКЕНДЕУДІҢ КЕПІЛІ

Ұлы даланың кіндігінен орын тепкен XXI ғасыр ғажайыбы, әлемдік мегаполис, арман қала, Алаш жұртының асқақ айбары - Елорданың бой көтергеніне ширек ғасырдай ғана уақыт өтті. Әрине бұл тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен осы жылдар ішінде бейбітсүйгіш саясатымен, бітімгерлік бастамаларымен әлемге танылып үлгерді. Халқымыз үшін тәуелсіздік символы болса, күллі әлем үшін бейбітшілік пен келісімнің қаласы, ғаламдық маңызы бар маңызды оқиғалар алаңы. Әлем діндерінің көшбасшылары алғаш рет Ұлы дала елінің төсінде бас қосса, жаһанды алаңдатқан мәселелер де осы жерден шешімін тапты. 2017 жылы EXPO халықаралық көрмесі өтіп, онда дүниенің ең озық технологиялары таныстырылғаннан бөлек, әлем халықтарының мәдениеті тоғысып, жаһан жұртын жақындата түсті.

Сонау 1997 жылы Тұңғыш Президентіміз-Елбасы Н.Ә.Назарбаев: - Қазақстанның астанасы Ақмола қаласына көшіріледі. Маңызды шешімдердің бәрі осында қабылданады. Біз - бейбіт мемлекетпіз, барлық көршілерімізге өзіміздің бейбіт ниетімізді жариялаймыз, барша қазақстандықтарға халықтың игілігі үшін қызмет етуге үндеймін, - деген еді. Міне, бұл тарихи шешім болды. Сәл шегініс жасап, өткен тарихымызға көз жүгіртсек бұдан бұрын астанамыз біресе Орынборда, енді бірде Қызылорда, одан кейін Алматы болды, оны әрдайым Мәскеу шешіп келген, ал мынау алғаш рет Тәуелсіз ел ретінде өзіміз шешіп, мемлекетіміздің туын тіктік.

Осы жылдар ішінде келбеті келісіп, дәулеті мен сәулеті жарасқан сұлу шаһарға айналды. Ескі көшелерге жаңа көшелер қосылды, қала өсті. Сол жағалауда жаңа әкімшілік аудан бой көтерді. Халықтың саны да артты. 1997 жылы мұнда 300 мыңға жетер-жетпес адам болса, қазір екі миллионға жуықтады. Бір сөзбен айтқанда көш әлі жалғасып жатыр. Ал біз осы жылдар ішінде Елордамыздың қалыптасуының куәгерлері болып, осы ауқымды зор жобаны жүзеге асыру мүмкіндігін көзбен көру бақытына ие болдық.

Осы мақаланы Тұңғыш Президентіміз-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың: - «XXI ғасырдың табалдырығында біз өз таңдауымыз - көне Сарыарқаның киелі аспаны астында қоныс тепкен жаңа **астана**мыз туралы мәлімдейміз. Бұл таңдау астарында еліміздің қазіргі басшылығының айқындамасы ғана тұрған жоқ. Бұл таңдауда Тәукенің көрегендігі мен Абылайдың ұлылығы, есімдері аңызға айналған билердің даналығы мен 1986 жылдың желтоқсанында ұлттық қадір-қасиет дегеннің не екенін күллі әлемге паш еткен сол бір жас жүректердің қаһармандығы тоғысып жатыр. Бұл таңдауда өз тағдырының қожасы болу құқығы үшін өмірін қиған миллиондаған қандастарымыздың ерік-жігері бар. Осы таңдауға дәйім лайық болайық», - деген сөзімен аяқтағым келеді.

**Г.ҚАСЫМОВА,**
**"Аманат" мүгедектер қоғамдық бірлестігінің төрайымы.**

Сенат депутатының ауданымызға іс сапары

## КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕ, АУҚЫМДЫ ІСТЕР СӨЗ БОЛДЫ

**Сенат пен мәжіліс депутаттары парламенттік каникулға шығып, әдеттегідей сайлаушылармен кездесуді бастады. Парламенттік каникул кезінде депутаттар өңірлерді аралап, сайлаушылармен кездесіп, жергілікті жерлердегі мәселелермен танысады.**

9 шілде күні Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, жерлесіміз Рысқали Қалиақбарұлы Әбдікеров ауданымызда іс сапармен болды.

Іс сапарын алдымен аудандық орталық ауруханадан бастаған Сенат депутатын былтырғы жылы күрделі жөндеуден өткен аурухананың бүгінгі тыныс-тіршілігімен аудандық аурухана басшысы А.Аманжолов таныстырды.

Сенат депутаты әлемді шарпыған пандемияға байланысты қалыптасқан жағдайдың өте күрделі екендігін, соған қарамастан денсаулық сақтау жүйесі індетпен күресуде қалыпты жұмыс істеп жатқандығын атап өтті.

Мұнан соң Сенат депутаты аудан активімен кездесу өткізді. Келелі кездесуге аудан әкімі М.Мұхтаров, мәслихат хатшысы Б.Төлеуқұлов, аудандық мәслихат депутаттары, мекеме басшылары қатысты.





Кездесуде алда өтетін ауыл, кент әкімдерінің сайлауымен қатар, Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың өткен жылғы қыркүйек айындағы "Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі" атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауынан туындайтын негізгі мәселелер мен міндеттерге тоқталып, кеңінен жан-жақты таратып әңгімеледі.

Кездесу соңында аудан әкімі М.Мұхтаров сөз сөйлеп, жалпы ауданымызда атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталып өтті.

Сенат депутаты бұл жолғы сапарын ауданымыздан бөлек Ақтоғай ауданына да жасап, кездесулер өткізді.

**Өз тілшімізден.**

Құттықтау

## Құрметті металлургтер!

Қалыптасқан дәстүр бойынша біз шілденің үшінші жексенбісінде сіздердің кәсіби мерекелеріңіз - Металлург күнін атап өтеміз.

Тау-кен өнеркәсібі қандай да болмасын аймақтың индустриялық әлеуеті мен қуатын анықтайтын сала болса, ол біздің аудан экономикасында аса зор маңызға ие.

Ауданымыздың жер қойнауы түсті және сирек кездесетін металдарға ие. Бүгінде бізде осы қазба байлықтарын игерумен «NOVA-Цинк», «Бапы-Майнинг», «Метал Терминал Сервис» және «Крамдс-Кварцит» сияқты ірі кәсіпорындар шұғылдануда.

Металлург мамандығы қашанда рухы күшті, еңбек сүйгіш, мықты адамдардың ісі болып саналады. Соның жарқын бір дәлелі мартен пешінің қызуынан өмірлік бастауын алған Тұңғыш Президентіміз - Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бірегей тұлғасы болып табылады. Елбасы да өзінің еңбек жолын металлург болып бастағаны баршаға белгілі.

Біздің өңірдегі металлургия кешенінің кәсіпорындарында жаңа технология мен техникалық қайта жарақтандыруды белсенді енгізіп, өндірістің көлемін ұлғайтуға қабілетті жоғары кәсіби мамандар еңбек етеді. Металлургия кәсіпорындарының тиімді жұмысының нәтижесі ауданымыздың экономикалық дамуына, жерлестеріміздің өмір сүру деңгейін арттыруға өз үлесін қосып келеді. Сондықтан ауданымыздың металлургиялық кәсіпорындарында еңбек етіп жүрген барша азаматтарға зор алғысымызды білдіреміз. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңіз бен жауапкершіліктеріңіз қандай құрметке де лайық.

Біз мереке күні ауданымыздың тау-кен өнеркәсібі саласының бастауында тұрған аға буынның ерен дәстүрін лайықты жалғастырып келе жатқан жас мамандардың ерік жігеріне лайықты баға беруге тиістіміз.

Құрметті металлургтер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз - Металлургтер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздерге мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға шаттық пен бақыт тілейміз. Еңбекте жаңа табыстарға жете берулеріңізге тілектеспіз.

**М.МҰХТАРОВ,** аудан әкімі. | **Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ,** Мәслихат хатшысы.

## ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**Биыл барша мұсылмандардың ұлық мерекесі - Құрбан айт, Алла қаласа, шілде айының 20-22-сі күндеріне тура келуі ықтимал. Осы жағдайға сәйкес Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы құрбан шалу рәсіміне қатысты төмендегі түсіндірмені ұсынады.**

**Біріншіден, 2021 жылы құрбан шалу рәсімін өткізу екі жолмен жүзеге асырылады:**

1) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тарапынан рұқсат берілген жергілікті қасапханаларда санитарлық ережелерді қатаң сақтай отырып, құрбан шалу рәсімін офлайн режимде, яғни дәстүрлі жолмен ұйымдастыру.

2) бүгінгі пандемия жағдайында құрбан шалушыға қолайлы жағдай жасау және көмекке мұқтаж жандарды қолдау мақсатында өткен жылдың тәжірибесін қолданып, құрбан шалу рәсімін шариғаттағы «өкілдік» қағидасына сәйкес www. qurban 2021. kz сайты арқылы онлайн режимде жүзеге асыру.

Бұл жобаның мақсаты - қайырымдылыққа дәнекер болу, халықтың денсаулығы мен өміріне төнген қауіпті сейілтуге үлес қосу, құрбан шалуға ниет білдірген жандарға карантин жағдайында оңтайлы жол ұсыну.

**Екіншіден,** карантин жағдайында қалада тұрып жатқан азаматтар үшін қашықтықтан өз атынан құрбан шалуға тапсырыс беру - оңтайлы шешім.

Шариғат бойынша адам өзінің атынан басқа кісіні белгілі бір іске уәкіл ете алады. Өйткені, адам баласы кейбір жағдайда бір істі орындауға мүмкіндігі болмай қалады. Осы кезде біреудің көмегіне жүгінеді, яғни сол істі оған тапсырады, оны өзінің атынан уәкіл етеді. Бірде Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Хаким ибн Хизам (Алла оған разы болсын) арқылы құрбандық сатып алуға тапсырыс береді. Біз осы оқиғадан шариғат бойынша уәкілге тапсырыс беру арқылы құрбан шалдыруға болатынын анық аңғарамыз.

**Үшіншіден,** ауылдық жерде жеке тұрғын үйде тұратын әр адамның мұсылмандық міндетін атқаруына ҚМДБ тарапынан ешқандай шектеу жоқ екенін жеткіземіз.

**Төртіншіден,** ханафи мәзһабында құрбан айт күндері бай адамға құрбан шалу - уәжіп (міндет).

Шариғатымыз бойынша «бай» деп мал-дүниесі нисап мөлшеріне жеткен адамға айтылады. Нисап мөлшері - 40 қой (ешкі), яки, 30 ірі қара, немесе 5 түйе, ол да болмаса қажеттілігінен артық 85 гр алтын (**1 230 000 теңге**) қаражат. Мал-дүниесі нисап мөлшеріне жетпеген, яғни жағдайы төмен мұсылманға құрбан шалу міндет емес.

⇨4-ші бетте.

COVID-2019: мезгіл мәселесі

# КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫМЕН КҮРЕС - БАРШАМЫЗ ҮШІН МІНДЕТ!

Шілде айының басынан бері елімізде коронавирус инфекциясының таралуы қайтадан күшейіп халыққа белгілі дәрежеде жайсыздық туғызып отырғаны жасырын емес. 8 шілдедегі жағдай бойынша қызыл аймақта Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Ақмола, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау және Павлодар облыстары орналасқан.

Өткен тәулікте Қарағанды облысында коронавирус инфекциясын жұқтырған 220 сырқат



тіркелді. Шет ауданында жылдың басынан бері 224 адам инфекция жұқтырған, соңғы 5 күнде 12 адам дертке шалдықты. Ауруға шалдыққандардың 18,7 % 65 жастан асқан қарт адамдар, 17,0% 18 жасқа дейінгі балалар болса, басым көпшілігі, яғни 65% 18-65 жас арасындағы азаматтар.

Бүгінгі таңда Қазақстанда COVID-19 инфекциясын жұқтырған 502 581 адам, бір тәулікте 2 826 адам тіркелді. Қазақстанда індет басталғаннан бері covid-19 инфекциясынан 459 007 науқас, ал соңғы 24 сағат ішінде 1 464 адам сауығып кетті.

Зерттеушілердің айтуынша, мамыр айының соңына қарай коронавирустық инфекцияның шамамен 70 пайызы дельта нұсқасынан туындаған.

"Дельта" коронавирус штамы аса контагиозды және анықталған штамдарға қарағанда жұқпалылығы жоғары, қазіргі айналымдағы штамдар 1 адамнан орта есеппен 3-4 адамға таралатын болса, бұл штамм 5-6 адамға бірден жұғады және 7 күнге созылатын қысқа инкубациялық кезеңмен сипатталады.

Коронавирустың Дельта нұсқасы қоздырған ауру төмендегі ерекшеліктерімен сипатталады, біріншіден ауруханаға жатқызу қаупі альфа нұсқасына қарағанда екі есе ұлғаяды, екіншіден ол адамнан адамға жоғары жылдамдықпен жұғады. Ағзаның ішінде дельта нұсқа жасушадан жасушаға тез өтіп, дене тіндерінде жоғары концентрацияға жетеді. Пандемия басталғанда бір нау-қас орта есеппен 2-2,5 адамды жұқтырды. Британдық альфа нұсқасының пайда болуымен бұл көрсеткіш 3-4 адамға дейін өсті. Ал дельта нұсқасы 5-6 адамға жұқтырады, үшіншіден дерттің инкубациялық (жасырын) кезеңі қысқарады.

Инфекция жұқтырғандар буындар мен іштің қатты ауырсынуын, жүрек айнуын, құсуды сезінеді және соңында есту қабілетін жоғалтады, яғни олар неврологиялық асқынуларды дамытады. Сондай-ақ, ішек пен аяқтың қан тамырларындағы қан ұйығыштары туралы көптеген мәліметтер бар.

Елімізде құрылған Мемлекеттік комиссияның жедел штабының мәлімдеуінше Қазақстанда COVID-19 жұқтырып тіркелген жағдайларының жартысынан астамы симптомсыз өтеді екен. Бұл қатынаста болатын отбасы мүшелеріне, маңайындағы адамдарға аса қауіпті. Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой, осы аптаның басында өткізілген Республикалық Комиссияның отырысында COVID-19 таралуының әрі қарай өсуіне байланысты барлық өңірлер күшейтілген шектеу шараларын қабылдағанын мәлімдеді.

Коронавирустық инфекцияның алдын алу тиімді екеніне бүгінгі күні ешкім шүбә келтірмес. Профилактикалық шаралар 3 бағытта жүргізіледі. Ең біріншісі, әрине вакциналау шаралары. Елімізде коронавирусқа қарсы вакциналау шаралары екпінді түрде жүзеге асырылуда.

Вакцинаның алғашқы дозасын 4 млн. 020 мың адам алды, бұл ел халқының 21,1%, вакцинаның екі компонентін 2 млн. 284 мың адам, яғни халықтың 12,3% алды, деп хабарлады Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз қызметі. Өткен тәулікте Қазақстанда 113 мыңға жуық вакцина егілді - бұл сәуір айының соңынан бергі ең жоғарғы көрсеткіш.

Қарағанды облысында 288,3 мың адам вакцина қабылдады, бұл жоспардың 37%, бүкіл облыс тұрғындарының 21% құрайды. Шет ауданында барлығы 7168 адам егілді, бұл жоспардың 40%, барлық аудан тұрғындарының 19,5 %. Індеттен қорғану үшін жоспар 100% орындалу қажет.

Елімізде, 2 шілдеден бастап барлық қызметкерлер вакцинациялануы керек нысандардың кеңейтілген тізімі күшіне енді. Тізбеге базарлар, сұлулық салондары, дәмханалар, мейрамханалар, қызмет көрсету объектілері және жаппай баратын басқа да орындар кірді. Оған толық құқықтық негіз бар.

**Құрметті аудан тұрғындары!**

Коронавирусқа қарсы вакцина қабылдаңыз, оны кейінге қалдырмаңыз! Бұл өзіңізге және сіздің отбасыңызға өте тиімді. Екпе дені сау адамға ғана жасалады. Төменде беріліп отырған вакциналаудың медициналық қарсы көрсетілімдеріне сәйкес, вакцинаның қандай да бір компонентіне аса жоғары сезімталдық және бұрын ауыр аллергиялық реакциялар болғанда, жүктілік және емізу кезеңінде, 18 жасқа дейінгі тұлғаларға екпе жасалмайды. Вакцинаны келесі адамдарға сақтықпен қолдану керек: бауыр мен бүйректің созылмалы аурулары, қант диабеті, қатерлі ісіктер дәлелденген кезеңде.

Вакциналаудан басқа індеттің алдын алуға жеке бастың гигиенасын сақтау және коронавирус тіркелген қауіпті аймақтарға сапарға шықпау, адам көп жиналатын жерлерден алшақ болу сияқты амалдар қолданған маңызды.

**А.АМАНЖОЛОВ,**
**«Шет ауданының орталық ауруханасы» КМК директоры.**

# ВАКЦИНА АЛЫП, ӨЗІМІЗДІ ІНДЕТТЕН САҚТАЙЫҚ!

«Сақтансаң - сақтайды» деген сөз бекер айтылмаса керек. Әр адамға ауадай қажет сипаттың бірі - сақтық. Адамның өз денсаулығына қатысты сақтанбауы, болашақта ауру-сырқаттарға тап болуына себеп.

Жылдан аса халықты үйге қамаған төтенше жағдай режимі аяқталғанымен, карантин шектеулері сол күйі сақталды. Себеп? Біз әлі де COVID-19 індетінен құтылуға амал жасамай жатырмыз. Үлкен қалалық жерлерде, аудандарда вакцина салдыртуға ниет білдіргендердің қарасы қалың. Маска режимін сақтау коронавирус індетін жұқтырмау үшін қажет екені белгілі. Бірақ ол індеттен құтылудың жолы емес. Иә, барлық адамдарда үрей бар. Вакцина алған адамдарда әр түрлі реакциялар болуы мүмкін, бірақ қорқуға еш себеп жоқ. Әрине, жақсылықтан үміттенейік. Қалай десек те, індеттен қорғану үшін вакцина қажет. Вакциналауға қатысты негативті пікірлердің бар екені рас. Интернетте (whatsapp, инстаграм) нақтыланбаған жалған ақпараттар өріп жүр. Сондықтан адамдар кімге сенерін де білмей қалды. Бірақ айтарым, халыққа бұл вакцинаның аса қажет, әрі қауіпсіз екені дәлелденіп келеді. Дәрігер ретінде айтарым, COVID-19-дан басқа да жұқпалы аурулардан вакцинаның арқасында миллиондаған адамдардың өмірін құтқарып қалғандығына баршамыз куәміз. Індет басталған 2019 жылдың соңы мен былтырғы жылы қаншама азаматтарымыз өмірден өтіп кетті. Егер вакцина болған кезде біраз азаматтарды қорғап қалуға болар ма еді деген ой келеді. Вакцина қалай десек те адамдардың өмірін қорғауға керек. Айта кетсек, ауылымыздың тұрғындары вакцина салдыртып, жақсы көрсеткіштер көрсетуде.

Ол адамдар тек өздері үшін ғана емес, жақындары мен отбасын қорғап, қолдау үшін жасап отыр.

Індеттің бетін қайтару үшін, деніміздің сау болуы үшін барша азаматтарды вакцина алуға шақырамын.

**Бақытжан ӘБІШЕВА,**
**Ақшоқы ауылдық округі дәрігерлік бөлімшесінің аға медбикесі.**

### ПАНДЕМИЯ, ТОҚТА!

Екі жыл бойы Қазақстан әлемнің басқа елдері сияқты коронавирустық инфекция пандемиясымен күресуде. Бүкіл әлемде халықты ерікті вакцинациялау бойынша жұмыстар белсенді жүріп жатыр.

2021 жылдың 14 шілдесіне дейін, Қарағанды облысында вакцинаның І-компонентін 330 095, ІІ-компонентін 176 617 адам салдырды. Бұл облыс тұрғындарының 22,6%-ы.

**Құрметті жерлестер!**
Пандемияны бірге тоқтатайық! Вакцина алып, қалыпты өмірге оралайық!

# ВАКЦИНА - ІНДЕТТІ ЖЕҢУДІҢ ЖАЛҒЫЗ СЕНІМДІ ЖОЛЫ

Адам денсаулығын қорғау, вирустан қорғану мақсатында қабылданған шешімнің бірі - вакцина егу. «Вакцина - пандемияны жеңудің жалғыз сенімді жолы. Вирусты вакцинация арқылы ғана түбегейлі ауыздықтай аламыз. Баршаңызды ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздеуге шақырамын». Адамдар вакцина алатын болса, коронавирустық инфекцияға қарсы иммунитеті қалыптасқан адамдар саны көбейеді. Халықтың өлім-жітімі азайып, демографиялық өсуіне нұқсан келмейді. Яғни, ұжымдық иммунитетті неғұрлым тез дамытсақ, соғұрлым тезірек халқымыздың арасында коронавирустың таралуын тоқтата аламыз. Бұл орайда біздің Ақжал кентінің тұрғындары да жаппай вакцина алуды жауапкершіліктеріне алған. Солардың бірі кент әкімдігінің бас маманы Ж.Ақшалова басқаларға үлгі болып, вакцина алушылардың алғашқыларының қатарынан табылып, І-ІІ кезеңнің коронавируске қарсы «Спутник-V» вакцинасын салдырды. Вакцина алған кейін өзін қалыпты жағдайда сезінгенін де жеткізді. Ешқандай ауырсынулар мен жайсыз сезіну сезімдері байқалған жоқ екенін ашып айтты. Сондай-ақ, кент әкімдігінің ұйымдастыруымен вакцина алған адамдарға қымыз бен бауырсақ берілді. Вакцина алуға келген әр тұрғынға қымызын ұсынып, үнемі игі істің бас қасында жүретін кенттің жанашыры, ауыл азаматы Хамит Шыңғысқа алғысымызды білдіреміз.

Вакцина егу - халықтың қалыпты, тыныш өмір сүруіне жол ашады.

**Мақпал ЕРКЕБЕКОВА,**
**кент әкімдігінің маманы.**
**Ақжал кенті.**






Сайлау-2021



# ӘКІМДЕР САЙЛАУЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ КҮШЕЙТЕДІ

Ағымдағы жылдың 25 шілдесінде елімізде ауыл, кент округтері әкімдерінің сайлауы өтеді. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің халыққа арнаған Жолдауында айтқан болатын.

Қазақ қашаннан халықтың ауызбіршілігі мен ынтымағын, татулығын бірінші орынға қойған. Әкім сайлауына саяси партиялардан, өзін-өзі ұсынған азаматтар да бар. Халық таңдауы алдымен елдің мұң-мұқтажын бес саусағындай білетін, ел ішіндегі жұмысты шебер ұйымдастыра алатын азаматқа түсері хақ. Халық сайланған әкімге өз талаптарын қоя алады. Халық сайлап отырған соң, әкім де белсене жұмыс істеуге, берген уәделерін орындауға тырысары сөзсіз.

Ол үшін сайлаушылар білімді, халықпен қоян-қолтық жұмыс жасай алатын, жеке басының жақсы қасиеттері бар адамды таңдауымыз қажет.

Ауыл әкімдерінің халық алдындағы жауапкершілігін арттыра түсетін сайлаудың халыққа беретіні - ауылды басқаруға іскерлігі басым азаматтар келеді. Бұл өз кезегінде қызмет басына келген әкімнің жауапкершілігін күшейтіп, мемлекеттік қызметке деген жауаптылық артады.

Сонымен қатар, ауыл әкімі тек жергілікті билікке ғана емес, өзін сайлаған халқының алдында жауапты екенін түсінеді.

Сондықтан да әр азаматты алда өтетін сайлауға барынша жауапкершілікпен қарауға шақырамын. Сайлау әділ, әрі ашық өтетініне сенемін.

**Гүлшара АХМЕТОВА,**
**Шет ауданы әкімі жанындағы әйелдер істері және отбасылық демографиялық саясат жөніндегі комиссия хатшысы.**

Металлургтер күні

# ЖЕР АСТЫ КЕНІ - БІЗДІҢ ӨЛКЕНІҢ ЕЖЕЛГІ БАЙЛЫҒЫ

Қай кезеңде болмасын металлургия саласы мемлекеттің қуатын арттыруда маңызды орын алып келген болса, бүгінде де еліміздің индустрия саласында қозғаушы күш болып табылады.

Бұл сала қызметі ауыр, әрі құрметті, ал осы маман иелері батылдық және жоғары кәсіби біліктілікті меңгерген қасиет иесі ретінде бейнеленеді.

Біздің өңірдегі кен өндіру кешендерінің кәсіпорындарында жаңа технология мен техникалық қайта жарықтандыруды белсенді енгізіп, өндірістің көлемін ұлғайтуға қабілетті жоғары кәсіби мамандар еңбек етеді. Жер асты кені - біздің өлкенің ежелгі байлығы. Ол сіздердің қажырлы еңбектеріңіздің арқасында адам игілігіне қызмет етуде. Әрбір отбасына, біздің ортақ үйіміз - Қазақстан Республикасына молшылық әкеліп, халықтың әл-ауқатын арттыруда.

Кен өндіру - заңды түрде қазақстандық экономиканың түйінді салаларының бірі, өнеркәсіптік әлеует пен біздің мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігін нығайтудың негізі болып табылады.

Өңірдегі ірі кен өндіру орны, оны құраушы алып өндіріс орны Ақжал кентінде орналасқан «Nova Цинк» ЖШС тәуелсіз даму жылдарында халық бірлігі мен жасампаздығының жарқын үлгісін көрсетуде. Ынтымағы мен бірлігі жарасқан кенті-міздегі жастарға кәсіпорын қашанда жол сілтеп, бағыт-бағдар беруден еш жалыққан емес. Кеншілердің демалыс уақытын дұрыс пайдалану мақсатында кентте орналасқан «Болашақ» спорт алаңы, «Әлімшайхы Сәлімбаев» атындағы спорт кешені кәсіпорын есебінен жөнделіп, қазіргі таңда қолданысқа беріліп отыр. Ш.Батталова атындағы ЖОББ мектебінен мұражай ашу жұмыстарына, Ақшатау кентінің мектебіне, ауруханасына көмірмен көмек көрсету сияқты халық игілігі үшін атқарылып жатқан жұмыстар ұшан теңіз, сонымен қатар кәсіп-орын өз қызметкерлері мен ардагерлерін дәстүрлі түрде арзандатылған бағамен картоп, жем, көмірмен қамтамасыз етеді. Жас кадрларды ынталандыру мақсатында 12 пәтерлі, 2 қабатты 3 үй салынып, осы кәсіп-орында еңбек ететін қызметкерлерге табыс етілді.



**АСАН Сүйіндік Юржанұлы, «Nova Цинк» ЖШС-нің бас директоры.**

Алдағы уақытта кәсіпорын есебінен кентімізге сквер, асфальтталған жол, жарықтандыру жұмыстарымен қоса соңғы үлгідегі реанимобиль алып, халық игілігіне пайдалану жоспарланып отыр. «Nova Цинк» ЖШС сапасы жоғары қорғасын-мырыш ғана емес, білімді кадрлармен, ұйымшыл ұжымымен танылған. Бұл мамандар күн сайын еңбек етіп, кәсіпорынның дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Табысталған марапаттар әрбір қызметкер істеген жұмыстың лайықты нәтижесі деп білемін.

Кен өндіру кәсіпорынының тиімді жұмысының нәтижесі Ақжал кентінің ғана емес, жалпы өңірдің экономикалық дамуына, жерлестеріміздің өмір сүру деңгейін арттыруға үлкен үлесін қосуда. Сондықтан кәсіпорындарда еңбек етіп жүрген барша әріптестерімізге зор алғысымды білдіремін. Сіздердің кәсіби шеберліктеріңізбен жауапкершіліктеріңіз қандай құрметке де лайық. Өңіріміздің кен өндіру саласын дамытуға қосқан үлкен үлестеріңіз үшін де алғысымыз шексіз.

Қымбатты әріптестер! Сіздерді қай уақытта да таңдаған істеріңізге адалдық, еңбексүйгіштік, жауапкершілік және бір-біріңізге өзара көмектесу сезімі ерекшелендіреді. Кен орындарында жұмыс істеу - ерекше шынығу мектебі, ол жастардың бойында еңбекке және ардагерлер негізін қалаған дәстүрлерге құрмет сезімін қалыптастырады. Бұл мереке күні барша кәсіпорын еңбеккерлерін, ерекше кәсіп иелеріне адал еңбегі және өздерінің таңдаған мамандығына берілгендігі үшін алғыс сезімін білдіргім келеді.

Мамандыққа адалдық, кәсіптің маңыздылығын түсіну, еліміздің болашағы үшін жауапкершілік - қай әулеттің болмасын басты мұраты.

Биылғы жылғы мереке қарсаңында кәсіпорын қызметкерлеріне 1 айлық жалақы көлемінде, жалпы соммасы 163 200 000 теңге көлемінде сыйақы төленеді. Сондай-ақ, «NovaЦинк - Ақжал» қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы және «Nova Цинк» кәсіпорнының басшылығының бірлескен ұсынысымен Сармантаев Боран Сағындықұлына III-дәрежелі «Еңбек даңқы», Жұмабаев Бағдат Жақыпбекұлына III-дәрежелі «Кенші даңқы», Сартаев Жақсыбек Қасқатайұлына III-дәрежелі «Кенші даңқы», Магадиева Елена Ахиярқызына II-дәрежелі «Кенші даңқы», Жарасов Асан Сақатайұлына II-дәрежелі «Еңбек даңқы», Абильжанов Болат Кадырманұлына II-дәрежелі «Кенші даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

Сіздер, қымбатты ардагерлер, кеншілерге тән осы қасиеттерді жас ұрпақтың бойына сіңіріп келесіздер. Мерейлі мерекеде сіздерге мықты денсаулық, береке, бірлік тілеймін. Бүкіл Қазақстанның игілігі үшін жаңа табыстарға жете беріңіздер!

Мереке құтты болсын, қадірлі ағайын!



Абаттандыру, көркейту

# КЕНТІШІЛІК ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛУДЕ

Ақадыр кентіндегі көше жолдарына жөндеу жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Кенттің “Сарыарқа”, “Болашақ”, “Алаш” көшелері жолдарына аудандық бюджеттен қаражат бөлініп, орташа ағымдағы жөндеу жұмыстарын “КЕМЕҢГЕР ЖОЛ” ЖШС-і атқарды.

Оған қоса, кенттегі тағы үш көшеге, нақты айтқанда, “Ж.Қыздарбеков”, “Теміржолшылар”, “Кәкен Оспанов” көшелерінің жолдарына республикалық бюджеттен бөлінген қаражатқа «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы аясында жөндеу жұмыстары жүргізілді. Нақты айтқанда “Ұлар МК” ЖШС-і “Ж.Қыздарбеков” көшесі жолына, «OLJA JOl» ЖШС-і “Теміржолшылар”, “Кәкен Оспанов” көшелері жолдарына орташа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізді.

Аталған көшелердің жолдарына жөндеу жұмыстарын мердігерлер мерзімді уақыттарда аяқтады.



Сондай-ақ, «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде кенттегі “Ж.Мәдиев”, “Жұмыскер”, “М.Мәметова” көшелерінің жолдарына «PRAID-M» ЖШС-і орташа ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Аталмыш үш көше жолының жөндеу жұмыстары тамыз айының соңында аяқталмақ.

**Өз тілшімізден.**
**Ақадыр кенті.**

# АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Босаға ауылының Д.Бектұрсынов көшесінің бойымен ұзындығы 1200 м көтерме жол төселді. Ауылдың көше іші жолдары сын көтермейтін жағдайда еді. Ауылдың көркейуіне, ауыл тұрғындарының тіршілігіне аса мән беріп жатқан ауыл әкімі Рахметов Қазбек Құрманбайұлына және ауыл әкімінің сұранысына көңіл аударып, жергілікті бюджеттен қаражат бөлуге ықпал еткен аудан әкімі Мұхтаров Мұхит Сайлауұлына алғыс айтамыз.

Сонымен қатар осы жолды төсеген «Олжа-Жол» ЖШС-і директоры Сыздықов Данияр Берікұлына, шебер Исатай Айдын Жаңбырбайұлына және осы жұмыстардың сапалы атқарылуына үлестерін қосқан серіктестік жұмысшылары Төлеубеков Ермекке, Рысбек Мейрамға, Дәуренов Қалдыбекке, Әшірбеков Нұрбеделге, Жұмабаев Ержанға, жұмыскер Жапабаев Зейнұрға, Сүйеубаев Толқынға алғысымызды білдіре отырып, аталған азаматтарға зор денсаулық, табысты еңбек тілейміз.



**О.КУКЕНОВ,**
**ауылдық округтің ақсақалдар алқасының төрағасы.**

Аудандық мәслихатта

# АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМДЕРІ

Ақсу-Аюлы ауылы №6/66 12 шілде 2021 жыл

**Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы XXVII-сессиясының «Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» №27/244 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі Конституциялық Заңының 10 бабы 3 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы XXVII-сессиясының «Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» №27/244 шешіміне қосымшаға сәйкес толықтырулар енгізілсін.

2. Осы шешім аудандық «Шет Шұғыласы» газетінде ресми жариялансын.

**Сессия төрағасы А.АМАНГЕЛЬДИН.**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

Аудандық мәслихаттың
2021 жылғы 12 шілдедігі
VI-сессиясының № 6/66
шешіміне қосымша

## ШЕТ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚҰРАМЫНАН БОСАҒАН ОРНЫНА САЙЛАНҒАН МҮШЕСІНІҢ ТІЗІМІ

1.Амандық Бекзат Ерғазыұлы - қоғамдық бірлестіктін ұсынысы бойынша.

---

Ақсу-Аюлы ауылы №6/67 12 шілде 2021 жыл

**Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы XXVII сессиясының «Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №27/245 шешіміне толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» №2464 Заңының 10 бабы 3 тармағына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы XXVII-сессиясының «Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №27/245 шешіміне қосымшаға сәйкес толықтырулар енгізілсін.

2. Осы шешім аудандық «Шет Шұғыласы» газетінде ресми жариялансын.

**Сессия төрағасы А.АМАНГЕЛЬДИН.**

**Аудандық мәслихаттың хатшысы Б.ТӨЛЕУҚҰЛОВ.**

---

Аудандық мәслихаттың
2021 жылғы 12 шілдедегі
VI сессиясының №6/67
шешіміне қосымша

## ШЕТ АУДАНДЫҚ УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ БОСАҒАН ОРНЫНА САЙЛАНҒАН МҮШЕЛЕРІНІҢ ТІЗІМІ

**№764 Қарамұрын учаскелік сайлау комиссиясы**

1. Мукушева Гүлдана Маратқызы - қоғамдық бірлестіктің ұсынысы бойынша.

**№784 Үңірек учаскелік сайлау комиссиясы**

1. Ақбар Айкүміс Нұрланқызы - саяси партияның ұсынысы бойынша.

# ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

**⇨1-ші беттен.**

**Бесінші**, Республика бойынша мұқтаж отбасылар құрбандық етін алу үшін **www.qurban2021.kz** сайты арқылы биыл 20 шілде күні айт намазынан кейін өтініш білдіре алады. Мұқтаж отбасылардың өтініштерін қабылдау, сараптау және құрбандық еттерін жеткізіп беру жұмыстарымен ҚМДБ-ның жергілікті өкілдіктері айналысады.

**Алтыншы,** ҚМДБ қаржыға араласпайды. Құрбандыққа шалынатын түлік бағасы жергілікті нарық бағасымен көрсетіледі. Осы орайда еліміздің әр аймағындағы малдың бағасы әртүрлі екенін ескеру қажет. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және облыс орталықтарында малдың бағасы бірдей болмауы мүмкін.

Тапсырыс берушіден түскен қаражат мал иесіне, яғни сатушыға тікелей беріледі. Өйткені бұл делдалдық қызмет емес. Көрсетілген сомаға қасапшының қызметі ғана кіреді. Ал, құрбандық етін бөлшектеп, мұқтаж жандарға тарату сынды барлық ұйымдастыру жұмыстары ҚМДБ мешіт жамағаты мен еріктілердің көмегі арқылы тегін жүзеге асады. Бұл - құрбан шалуға тапсырыс беруші азаматтар үшін үлкен жеңілдік.

**Жетінші,** сайт арқылы тапсырыс қабылдап, құрбандық етін көмекке зәру жандарға тарату тәжірибесі Сауд Арабиясы, Түркия, Малайзия, Индонезия, Біріккен Араб Әмірліктері сынды бірқатар мұсылман мемлекеттерінде бұрыннан қалыптасқан жүйе. Бұл жыл сайын игі дәстүрге айналған. Жобаның басты ерекшелігі - құрбандық етін түгелдей мұқтаж азаматтарға тарату.

**Сегізінші,** аталған жоба санитарлық талаптарды сақтай отырып, халықтың өмірі мен денсаулығын сақтауды көздейді. Сонымен қатар жоба мақсаты - көмекке аса зәру азаматтарды қолдап, оларға ұлық мейрамда қуаныш сыйлау, аз да болса, қайғы-мұңын сейілту. Құрбандық шалудың негізгі мәні осы.

Құрбандық етін мұқтаж жандарға үлестіру арқылы мұсылмандар арасында махаббат пен сүйіспеншілік артады. Сонымен қатар өзінің бойындағы қатыгездік, сараңдық сынды сипаттардан арылып, оны мейірімділік, жомарттық, кішіпейілдік қасиеттерге ауыстырады.

Алла Тағала шалған құрбандығымызды, берген садақамызды қабыл етіп, екі дүние игілігін нәсіп еткей!

Биылғы Құрбан айттың өткізілу тәртібі пандемияға байланысты қалалық жерлерде онлайн түрінде құрбандық тапсырыс арқылы шалынады, ал аудан, ауылдық жерлерде әркім өз үйінде құрбандықтарын шала алады. Мешіт тарапынан имамдар еріктілер тобын құрып, мұқтаж жандарға тізім бойынша ет таратуға атсалысады. Пандемияға байланысты құрбан шалынатын жерлерге көп адамдардың жиналмауы, санитарлық жағдайды сақтай отырып, бір реттілік бет перде, резіңкелі қолғап (перчатки) және антисептик қолдану қажет. Сонымен қатар 65 жасқа толған адамдарға және ыстығы 37 градустан жоғары көтерілген адамдарға құрбан шалынатын орындарға баруға тыйым салынады. Биылғы жылы Айт намазы мешіттерде оқылмайды.

**Берік АЛПЫСБАЙҰЛЫ,**
**Шет аудандық «Жанқұтты би» атындағы мешіттің бас имамы.**

Аудандық мәслихатта

# АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ КЕЗЕКТЕН ТЫС АЛТЫНШЫ СЕССИЯСЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2021 жылдың 12 шілдесінде жетінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезектен тыс алтыншы сессиясы онлайн режимде өткізілді.

Сессия жұмысын аудандық мәслихаттың алтыншы сессиясының төрағасы Амангельдин Аманбол Дәулетұлы ашып, жүргізіп отырды.

Депутаттардан басқа бұл сессияға аудан әкімінің орынбасарлары және кейбір аудандық мекеме басшылары онлайн режимде қосылды.

Аудандық мәслихаттың кезектен тыс алтыншы сессиясының қарауына мынандай мәселелер ұсынылды.

1. Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 29 желтоқсандағы XLIV-сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №44/403 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

2. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы XXVII-сессиясының «Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының жаңа құрамын сайлау туралы» №27/244 шешіміне толықтырулар енгізу туралы;

3. Аудандық мәслихаттың 2019 жылғы 10 қаңтардағы XXVII-сессиясының «Аудандық учаскелік сайлау комиссияларының жаңа құрамын сайлау туралы» №27/245 шешіміне толықтырулар енгізу туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Аудандық мәслихаттың 2020 жылғы 29 желтоқсандағы XLIV-сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» №44/403 шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Жонкина хабарлама жасап, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты аудандық бюджетке енгізіліп отырған өзгерістерге тоқталып, аудандық бюджетті нақтылау туралы түсініктеме берді, кіріс жағының ұлғаюуына байланысты - 180000 теңге, мемлекеттік мекемелерден үнемделген қаржы - 66171 мың теңге, вакансия мен бонустан үнемделген қаржы - 29905 мың теңгені, жалпы сомасы 276076 мың теңгені құрады. Қайта нақтыланған бюджет шығындары мына салаларға бөлінді «Ауыл - Ел бесігі» жобасы - 6111 мың теңге, «Аудандық құрылыс бөліміне» - 181471 мың теңге, «Ауданның ТКЖ, ЖК, АЖ және ТИ бөліміне» - 16106 мың теңге, ауылдық округ әкімдіктеріне - 68542 мың теңге, аудандық мәдени сауық орталығына - 1500 мың теңге, жастар орталығына - 1000 мың теңге, басқа да салаларға - 1346 мың теңге. Оларды тиімді және мақсатты түрде пайдалану керектігін, сондайақ, белгіленген мерзімде игерілуіне тікелей сала басшыларының жауапты екенін атап айтты.

Аудандық мәслихаттың депутаты Г.Қошқарбаева, Өспен ауылдық округіне қарасты, Айса ауылында білім ошағының болмауына байланысты ауыл тұрғындары мектеп жасындағы балаларын басқа ауылдарға қатынап оқытып жүргенін айтып, аталған ауылда білім ошағын салу жоспары туралы, Өспен ауылының мәдениет үйінің күрделі жөндеу жұмыстарының қашан аяқталып, қолданысқа берілуі жөнінде сессия отырысына қатысып отырған ауданның мекеме басшыларына өзінің депутаттық сауалнамасын жолдады.

Жоғарыда айтылған депутаттық сауалдарға аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы М.Жонкина нақты түсініктемелер берді.

Сессияда қаралған мәселелер бойынша айтылған ұсыныс-пікірлерді ескере отырып, шешім қабылданып, бекітілді.

Осымен сессия өзінің жұмысын аяқтады.

Хабарландыру

# АУДАН ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ

2021 жылы «Шет ауданының жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен 18 жастан 29 жасқа дейінгі Ауыл жастары арасында кәсіпкерлікті қолдау және дамыту мақсатында аудан әкімінің грантына іріктеу басталғанын хабарлаймыз. Аудан әкімінің гранты Қарағанды облысы, Шет ауданы ауыл жастарының жаңа істі ашуларына және әрекет етіп тұрған бизнестерін дамыту үшін бөлінеді.

**Жобаға қатысушыларға қойылатын талаптар:**

♦ Қатысушылардың жасы 29-дан аспауы керек, осы елді мекенде тұратын, жаңадан кәсіп бастаған немесе кәсібін дамыту үшін (тек күндізгі бөлім студенттеріне берілмейді).

♦ Жастардың кәсіп ашатын (бизнес жоспары) алдын-ала комиссия құрамы тарапынан зерделеу жүргізіледі.

♦ Грантқа үміткерлер кәсіпкерлік қызметтің таңдалған бағытының негізінде оқығаны туралы (сертификат) негіздемесімен бірге (бизнес жоспарларын) ұсынулары шарт.

♦ **Жобаларды таңдау:**

Жобаны таңдау келесідей критерийлер бойынша жүзеге асырылады:

♦ Аудан үшін жобаның маңыздылығы.

♦ Жаңа жұмыс орындарының құрылуы.

♦ Жобаның өтімділігі.

♦ Аталмыш аймақтың экономикалық жағдайы және тұрғылықты халықтың сұранысы үшін таңдалған қызмет түрінің даму қажеттілігі.

♦ Тірек және спутник елді мекендерде жандандыру.

♦ Бизнестің келешектегі дамуы.

♦ Бұрын грант алған тұлғаларға екінші қайтара грант берілмейді.

**Қатысушының сұранысын жасау үшін қажетті құжаттар тізімі:**

1. Өтініш
2. Жеке басының куәлігі (көшірмесі).
3. Бизнес жоспар, кәсіпкерлік істің негізін оқыған курстың сертификаты.
4. Жеке кәсіпкер туралы анықтама

Конкурсқа қатысу өтінімі (файл папкасына жинақталған) 2021 жылдың 29 шілдесіне дейін төмендегі мекен-жай бойынша қабылданады:

**С.Сейфуллин 76а, «Шет ауданының жастар ресурстық орталығы» Жастар үйінде (сағ. 9.00-ден 18.00-ге дейін) тапсыруларыңызды сұраймыз.**

**Анықтама телефоны: 50-0-12, E-mail: shet_zhastary @ mail.ru**

Иманы кемел ел мықты

# МҰСЫЛМАН ЕЛДЕРІНДЕГІ «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ» СИПАТЫ

Мұсылман елдерінде зайырлылықтың пайда болуы мен тарихи дамуы және жүзеге асырылуы батыс елдеріндегіден өзгеше. Себебі, Ислам әлемінде діни билік пен саяси билік арасында батыстағыдай қақтығыс болған емес.

Ислам елдерінде XIX ғасырдың басынан бастап байқалған секуляризм процесі ішкі динамикадан гөрі сыртқы динамиканың дамуының әсерінен басталған. Бұған қоса алғанда, I және II дүниежүзілік соғыстардан кейінгі жылдары тәуелсіздігін алған мұсылман елдері және олардың ұлттық мемлекет ретінде қалыптасуымен бірге дін мен мемлекет арасындағы қатынастар, мемлекеттің жеке үстемділігі және басқару тәсілі туралы пікірталастар қайта жанданып, әртүрлі тенденциялар мен интеллектуалды формациялар пайда болды.

Осылайша бұл дәуірде өмір сүрген Ислам ғұламалары, «Халифат (Билік) діни емес, дүниелік мәселе болғаны үшін, жергілікті ұлтқа берілу керек» деп мәлімдеген Осман империясының ғалымы Сайид Бей және «Ислам дінін мемлекеттік өмірден мүлдем аулақ ұстау керек» деген мысырлық ғалым Али Абдурразик «Әл-Ислам уә ушул л-Хукум» деген еңбегінде талқылады.

Сонымен қатар, Ислам биліктің (басқару жүйесінің) қайнар көзі екенін және мемлекеттің басқару жүйесі Ислам қағидаларына сай болу керек деген пікір білдірген ғұламалардың да пікірлері өз орнымен талқыланып жатты.

Тәуелсіздікке қол жеткізу барысында көптеген Ислам елдерінде, билік басына келген саясаткерлердің басым көпшілігі батыстық білімі бар зиялы қауым өкілдерінен құралған. Бұл азаматтар Исламды модернистік тұрғыдан түсіндіруге немесе зайырлықты және ұлтшылдықты негізге ала отырып саясат жүргізуге бейім болған.

Бұл әрекеттерінің нәтижесінде саясатта, заңда және білім беру саласында батыстық модельдерді қабылдауға күш салумен секуляризация процесі де, өз деңгейінде жүзеге асырылды. Осылайша құқық пен білім беру саласындағы мамандар рухани және дәстүрлі ұстаздардың қолынан алынып мемлекеттің бақылауында өтті. Ал, кейбір елдерде діни қызмет және рәсімдер тікелей мемлекет тарапынан реттелді.

Ислам елдеріндегі секуляризация процесінде назар аударатын ең маңызды мәселе, Батыс елдеріне тән тарихи-мәдени тәжірибесінен пайда болған және бірнеше ғасырлар бойы дамыған принциптер мен институттар тарихи дәстүрлерге, тәжірибелер мен құндылықтарға күмән келтірмей, басқа географияда орналастыруға тырысады.

Конституциясында, мемлекетін зайырлы деп көрсеткен Түркия, Нигерия, Сенегал сынды елдер шариғат заңдарына негізделген басқару әдісін негізге алды. Бұлардың ішінде Сауд Арабиясы және Иранды қоспағанда, мұсылмандар басым болған елдердің басқару жүйесі аралас және эклектикалық құрылым болып қалыптасты. Дінге сүйенген елдердің конституциялары мен құқықтық жүйелері батыстық модельдерге негізделген.

Осы жалпы кірісперен кейін басқа да Ислам елдеріндегі зайырлылық тәжірибесіне қатысты келесі ерекше жағдайларды айтуға болады:

Ресми түрде Түркия Республикасы зайырлылықты 1937 жылы қабылдаса да, зайырлылық қағидалары республика болуымен басталған. Гүлхане Хатты Хумаюмның жариялануымен сот құрылымында және қолданыстағы заңдарда маңызды өзгерістер енгізіле басталы.

Бұл кезеңде коммерциялық, қылмыстық, азаматтық және қылмыстық сот төрелігі азаматтық құқық саласы болып батыстық және зайырлы сипат алды. Шариғат соттарының таратылуы, халифаттың жойылуы, Біріктіру заңының қабылдануы, медресселер мен дін ғұламаларының кесенелерінің жабылуының нәтижесінде, 1937 жылы зайырлылық конституциялық қағида ретінде анық көрсетілді.

Зайырлылық қағидасы 1961 және 1982 жылғы конституцияларында өзінің орны мен маңыздылығын сақтап қалды. Ал, 1982 жылғы конституцияда зайырлылықты өзгертуге болмайтын баптардың қатарына қосып, республиканың негізгі сипаттамаларының бірі ретінде өзгертуді ұсынды (4-бап). Зайырлылықтың ең маңызды дәлелі - дін мен ар-ождан бостандығын қамтамасыз ету және жергілікті барлық діндерге бірдей қарым-қатынаста болуы.

1982 жылғы Конституцияда, әркімнің діни сенім мен ар-ождан бостандығына ие екендігі, 14-баптың ережелерін бұзбаған жағдайда, ғибадат ету және діни рәсімдерде әркімнің өз еркі екендігі, дін және тәрбиешілік ұстаздарын оқыту мемлекеттің бақылауымен жүзеге асатыны және бастауыш және орта білім беру мекемелерінде діни мәдениет пен адамгершілік тәрбиелеу сабақтарын міндетті пәндер арасында болатыны білдірген.

Зайырлы елде Дін істері жөніндегі басқарманың болуы ара-тұра сынға ұшырағанымен, діни қызметтерді қауымдастықтарға қалдыру белгілі бір проблемалар тудыруы, топтастыруы және ұлттық бірлік пен тұтастықты бұзуы мүмкін деген пікірлер негізге алынған. Конституциялық соттың пікірінше, христиан дініне қарағанда, әлеуметтік-қоғамдық өмірді реттейтін исламды теріс пайдалану мемлекеттің зайырлылық қағидасының жойылуына әкеліп соқтырады. Осы себептен де, Дін істері басқармасының болуы, конституциялық институтың құрылу тарихы мен жергілікті халықтың қажеттілігі болып табылады және Дін істері басқармасының діни қызметкерлер тобының болуы конституцияға қайшы келмейді.

Ал, Араб елдеріндегі дін мен мемлекет қатынастары біркелкі деп айта алмаймыз. Египетте зайырлы заң институттарының құрылуы және зайырлылық процесінің басталуы Египет губернаторы Хидив Исмаил Паша кезеңінен басталады. XIX ғасырдың аяғында, Египеттіктердің жалпы ұлтшылдары зайырлылықты құптаған. Екінші жағынан, 1928 жылы пайда болған «Ихван-и Муслим» қозғалысы исламдық қоғамға және шариғи басқару жүйесіне шақыру арқылы, зайырлы процеске қарсы тұрды.

Алайда Египеттің құқықтық жүйесі Исмаил Пашадан бастап Батыстық жүйеге көшу және секуляризациялау процесін жалғастырды. Египеттің қолданыстағы конституциясында мемлекеттің діні - ислам және заңнаманың қайнар көздерінің бірі - ислам құқығы делінгенімен, Француз құқығы негізгі құқықтық салаларында көбірек ықпал еткен. Ислам құқығы «Ахуәл-и шахсийе - Азаматтық құқық» саласында шектеулі түрде қолданылған. Алайда «Ихван-и Муслим» ұйымының және ұлттық білім беру басқармасы Әзһар университетінің білім беру жүйесіне әлі де ықпалға етуде.

Сирия мен Ирак исламды мемлекеттің ресми діні ретінде қабылданғанымен, әкімшілік басқару жүйесі зайырлы негіздер мен тәжірибелерге негізделген, әсіресе социалистік Баас режимі үстем болғаннан кейін. Екі елде де, Египет мысалындағыдай, ислам құқығына қатысты «Ахуәл-и шахсийе - Азаматтық құқық» саласында шектеулі тәжірибеге ие. Сонымен қатар, Ислам заңдарын жүзеге асыру және ислам құндылықтарын қоғамдық өмірге қосу талаптары авторитарлық Баас режимімен орындалды және жазаланды.

Ислам әлемінің ең көп халқы бар Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияның ислам елдерінде аймақтың саяси, тарихи, діни, мәдени және этникалық құрылымынан туындайтын айырмашылықтарды үйлестіретін әртүрлі басқару формалары бар. 1947 жылы тәуелсіздік алған Пәкістан әрқашан өзінің құрылу мақсатына сәйкес ислам республикасы ретінде анықталса да, зайырлы мемлекет ретінде басқарылды. Сондай-ақ, құқықтық құрылымы - ислам заңдары мен зайырлы заңдардың жиынтығынан тұрады. Осы себептен де билік басындағылардың қалауына байланысты кейде исламдық, кейде зайырлы тәжірибелер басым болатындығы байқалады.

Халқының шамамен 85% мұсылман болатын және халқының саны жағынан ислам әлеміндегі ең үлкен мемлекет болып табылатын Индонезияда тәуелсіздік алғаннан кейін зайырлы және ұлтшыл көзқарастары бар ислам топтарының тенденциясын білдіретін партиялар құрылды және парламенттік режим пайда болды.

1985-1990 жылдары Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін егемендігін алған және көпшілігі мұсылман болған елдердің барлығы дерлік зайырлы мемлекеттік тәртіп қабылданды. Соның бірі - тәуелсіз Қазақстан. Ислам елдеріндегі зайырлылық бағытындағы діни-мемлекеттік қатынастар мен дамулар әрдайым жергілікті және батыстық зерттеушілердің назарынан тыс қалмады және осы тақырыпта үлкен әдебиеттер жазылды. Дін мен мемлекет арасындағы қатынастардың дұрыс және ымыралы негізде орнатылуы маңызды рөл атқарады. Ислам әлемінде заңдылықтардың өзгеруі немесе әрекеттері осы қызығушылықты сақтауда маңызды рөл атқарды.

**Ауданның ішкі саясат бөлімі.**

Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету

# БАЛАНЫ (БАЛАЛАРДЫ) АСЫРАП-БАҒУҒА АҚШАЛАЙ ҚАРАЖАТ ТӨЛЕУДІ ТАҒАЙЫНДАУ

«Отбасы және балалар саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығымен бекітілген «Баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронаттық тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау» мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Өтінішті және құжаттарды қабылдау арқылы жүзеге асырылады:

«электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы

Келесі құжаттардың болуын тексеру қажет:

1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған немесе көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс операторы берген абоненттік нөмірі порталдың есептік жазбасына тіркелген және қосылған жағдайда бір реттік парольмен куәландырылған электрондық құжат нысан бойынша патронаттық тәрбиеші болу және ақшалай қаражат төлеуді тағайындау туралы өтініш;

2) егер көрсетілетін қызметті алушы некеде тұрған жағдайда, жұбайының (зайыбының) келісімінің электрондық көшірмесі;

3) «АХАЖ тіркеу пункті» ақпараттық жүйесінде не Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде мәліметтер болмаған кезде неке қию туралы куәліктің электрондық көшірмесі;

4) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) жұбайының (зайыбының) тұрғын үйді пайдалану құқығын растайтын құжаттардың электрондық көшірмесі (тұрғын үйге меншік құқығы болмаған жағдайда);

5) көрсетілетін қызметті алушының және егер некеде тұрса, жұбайының (зайыбының) «Адамның бала асырап алуы, оны қорғаншылыққа немесе қамқоршылыққа, патронатқа қабылдап алуы мүмкін болмайтын аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 692 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12127) (бұдан әрі - № 692 бұйрық) бекітілген тізбеге сәйкес ауруының жоқтығын растайтын денсаулық жағдайы туралы анықтама, сондай-ақ, «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 тіркелген) бекітілген нысанға сәйкес наркологиялық және психиатриялық диспансерлерде тіркеуде тұрғандығы туралы мәліметтің жоқтығы туралы анықтаманың электрондық көшірмесі;

6) білімі туралы мәліметінің электрондық көшірмесі;

7) баланың (балалардың) білім беру ұйымында оқуы туралы анықтаманың электрондық көшірмесі (мектеп жасындағы балалар үшін);

8) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды отбасына тәрбиелеуге қабылдауға тілек білдірген тұлғалардың дайындықтан өткені туралы сертификаттың электрондық көшірмесі;

9) екінші деңгейдегі банкте немесе банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымда немесе дербес шоттың ашылуы туралы шарттың электрондық көшірмесі;

10) он жасқа толған кезде баланың (балалардың) пікірінің электрондық көшірмесі.

Бала (балалар) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тұрған жағдайда көрсетілетін қызметті берушіге тапсырылатын тізбенің 7) тармақшасындағы көрсетілген құжаттың электронды көшірмелерін тіркеу талап етілмейді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер

1) көрсетілетін қызметті алушының кәмелет жасқа толмауы;

2) соттың көрсетілетін қызметті алушыны әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп тануы;

3) соттың көрсетілетін қызметті алушыны ата-ана құқықтарынан айыруы немесе соттың ата-ана құқықтарын шектеуі;

4) өзіне Қазақстан Республикасының заңымен жүктелген міндеттерді тиісінше орындамағаны үшін қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерінен шеттетілуі;

5) бұрынғы бала асырап алушылардың кінәсі бойынша бала асырап алудың күшін жою туралы сот шешімі;

6) көрсетілетін қызметті алушының қорғаншы немесе қамқоршы міндеттерін жүзеге асыруға кедергі келтіретін ауруының болуы;

7) көрсетілетін қызметті алушының тұрақты тұратын жерінің болмауы;

8) қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеу кезінде қасақана қылмыс жасағаны үшін жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығының болуы, сондай-ақ, осы тармақтың 13) тармақшасында аталған адамдар;

9) көрсетілетін қызметті алушының азаматтығының болмауы;

10) анасының қайтыс болуына немесе оның ата-ана құқығынан айырылуына байланысты баланың кемінде үш жыл іс жүзінде тәрбиелену жағдайларын қоспағанда, тіркелген некеде (ерлі-зайыптылықта) тұрмайтын еркек жынысты адамның өтініші;

11) қорғаншылықты немесе қамқоршылықты белгілеу кезінде көрсетілетін қызметті алушының қамқорлыққа алынушыны Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төмен күнкөріс деңгейімен қамтамасыз ететін табысының болмауы;

12) көрсетілетін қызметті алушының наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұруы;

13) адам өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халық денсаулығына және имандылыққа, жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтары, экстремистік немесе террористік қылмыстары, адам саудасы үшін соттал ғандығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшырап отырған немесе ұшыраған адамдар (2014 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшалары негізінде өздеріне қатысты қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда);

14) Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодекстің 91-бабының 4-тармағында белгіленген тәртіппен психологиялық даярлықтан өтпеген көрсетілетін қызметті алушылардың (баланың жақын туыстарын қоспағанда) қоспағанда;

15) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

16) «Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) күтіп-бағуға бөлінетін ақша қаражатын төлеуді жүзеге асыру қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 381 қаулысында белгіленген талаптарға көрсетілетін қызметті алушы сәйкес келмеуі.

Баланы тәрбиелеуге үміткер адамның тұрғын үй-тұрмыстық жағдайына тексеру жүргізу қажет, оның қорытындысы бойынша акт дайындау қажет.

Баланы тәрбиелеуге үміткер адамның өмір сүру жағдайларын тексеру және баланың өмір сүру жағдайларын тексеру актілерінің негізінде баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру туралы шартты дайындау және патронат тәрбиешілерге баланы (балаларды) асырап-бағуға бөлінетін ақша қаражатын тағайындау туралы шешім не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Қорғаншыдан/қамқоршыдан айырмашылығы, патронат тәрбиешісі балаға арналған төлемдерден басқа жалақы алады. Патронаттық тәрбиедегі бала ата-анасынан алимент алу құқығын, ал олар қайтыс болған жағдайда-асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша зейнетақыны және басқа да әлеуметтік төлемдерді алу құқығын сақтайды.

Бұдан басқа, патронат тәрбиешіге патронат тәрбиеші мен қорғаншы және қамқоршы орган арасында жасалған шарт негізінде ақша қаражатын тағайындау туралы шешім шығарылған күннен бастап баланы күтіп-бағуға ақшалай қаражат төленеді. Патронат тәрбиешілерге мектепке дейінгі жастағы бір бала үшін - 9 АЕК, мектеп жасындағы бір бала үшін - 10 АЕК мөлшерінде ай сайын ақшалай қаражат төленеді.

Патронат тәрбиеші органға қамқорлыққа алынушының денсаулық жағдайы туралы және оны тәрбиелеу жөніндегі, сондай-ақ, оның мүлкін басқару жөніндегі жұмысы туралы жылына кемінде бір рет есеп береді.

Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға бөлінетін ақша қаражатының жұмсалуын бақылауды орган жарты жылда кемінде 1 рет жүргізеді.

Аудан бойынша 24 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала қамқоршылар мен қорғаншылардың, 15 бала патронаттық тәрбиешілерде тәрбиеленуде. Бүгінгі күні патронаттық тәрбиешілердің ең төменгі жалақысы 71 000 теңге, ең жоғарғысы 130 000 теңгені құрайды.

Қазақ ертеден «Жетім көрсең, жебей жүр» деген ұлағатты терең бойына сіңіріп өскен халық. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы өз отбасына қабылдауға дайын отбасылар мемлекеттің қамқоршылық және қорғаншылық функциясын жүзеге асыратын «Шет ауданының білім бөлімі» ММ-не 21-8-78 нөміріне хабарласуға болады.

Сайлау-2021

# ШЕТ АУДАНЫНЫҢ КЕНШОҚЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ӘКІМІНЕ ҮМІТКЕР БАДАНОВ БАУЫРЖАН АМАНКЕЛДІҰЛЫНЫҢ САЙЛАУ АЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Баданов Бауыржан Аманкелдіұлы 1972 жылы 06 қаңтарда Ақсу-Аюлы ауылында туған. Еңбек өтілі - 29 жыл. Шет ауданының ІІБ-де қызмет атқарған. Шені полиция подполковнигі.**

**Құрметті Кеншоқы ауылының сайлаушылары!**

Ауылдың өндірістік әлеуеті мен ауыл тұрғындарының тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған бағдарламаны іске асыру үшін білімім мен біліктілігімді өмір жолында жинақтаған тәжірибемді қалтқысыз жұмсаймын деп сіздерді сендіремін.

Жұмыстың басын ауылдың ақсақалдар алқасын сайлаудан бастаймын. Алқаға білімді, білікті, көрегендігі мен ортаға сыйлы азаматтар болуы керек. Алқа бес адамнан, ауыл тұрғындарының жалпы жиынында көпшілік ашық дауыспен сайланады.

Өзіме бес міндет, әрине орындалатын талаптар қоямын.

Бағдарлама 4 жылға арналды. Ол үшін ауылдық округте 3 адамнан тұратын 5 топты ұйымдастыру қажет деп шештім.

**Бірінші топ:**

Қазақ атам амандасқанда “Мал жан аман ба?” - дейді ғой. Соған орай ауыл тұрғындарының әр үйі бойынша әлеуметтік тұрмыстық төл құжат жасау. Бұл құжатта үйде тұратын адамдардың аты, тегі, жасы, кәсібі (жұмысы) еңбекақысы, отбасына түскен кірісі, мал-мүлкі, мемлекеттен алатын әртүрлі жәрдемақы төлемдері тағы басқа кіреді. Бұл деректердің анық, ашық жасалғаны біріншіден, отбасына қажет, екіншіден, мемлекеттік атқарушы органдарына тіркелетін нақты деректер болып табылады.

**Екінші топ:**

Ауыл тұрғындарының денсаулығын қамтамасыз ету. Ол үшін адамдар қолайлы жағдайда таза, табиғат аясында, еңбектеніп өмір сүру керек. Бұл мәселеде адамдардың денсаулығына жауапкершілікпен қарап, ауыл үйлері мен аулаларының тазалығы, көше бойларының абаттандырылуы мен сәулеттілігі, жасыл желектің бой көтерілуі және ауыл жанындағы “Алмалы” кенішінің ауаны, топырақты ластамауы сияқты апаттардың алдын-алу жұмыстарын тұрақты жүргізіп, бақылауға алу.

**Үшінші топ:**

Бұл топта ауылдың әрбір үйіне қарасты кәмелетке толмаған балалардың арнайы төлқұжаттарын тізімге алып, олардың казіргі кезде және келешекте білім бағытына ба-



ғытталған қолданатын тиімді тәсілдері мен тәжірибені жастардың жүрегіне жеткізу. Бұл өте күрделі жұмыс. Сол себепті оқу кезеңінде және одан бос уақытта ата-аналармен мұғалімдермен бірлесе отырып, балалардың қайда жүретінін, немен шұғылданатына ден қойып, олардың қызықты, көркем ойын-сауыққа, білімді игеруге, кітап оқуға, теледидар тағы басқа көріністер арқылы заманауи технологияларды игеруге, өркениетті өнерге үйрету керек.

**Төртінші топ:**

18-29 аралығындағы жастарды еңбекке тарту.

Еліміз бойынша бұл жастардың саны 30 пайызды шамасында. Бұл мәселе күн тәртібіндегі өзекті мәселе. Еліміздің өсуі, өркендеуі осы жастардың қолында. Кеншоқы ауылы бойынша біраз адам жұмыссыз. Бұлардың біршамасы көлеңкелі жұмыспен шұғылданады. Олай болмау керек. Осы жастарды жұмысқа тарту, орналастыру басты мәселе. Ол үшін бүгінгі күні жұмыс істеп тұрған 78-ге тарта шаруа қожалықтарында еңбек ететін, бірақ та үкіметтің құзыретті органдарында (салық комитеті, статистика) т/б тіркелмеген жұмысшыларды жарыққа шығару керек. Әрі қарай ауылдың шағын-орта кәсіпкерлікпен айналысатын жеке кәсіпкерлерді қолдап, олардың шағын несие алуына қолдау жасап, жаңадан жұмыс орындарын ашу керек. Бұл мәселеде ауыл адамдары масылдықтан, жалқаулықтан арылып, мемлекеттің беретін арнайы әлеуметтік көмегіне қарайлағаны жөн болмайды. Осы тұста кемеңгер, дана Абай атамыздың 19-ғасырдың ортасында айтып кеткен сөзін жастардың, кәсіпкерлердің есіне салайын. «Алдау қоспай адал еңбегін сатқан қолөнерлі қазақтың әулиесі - сол» деген.

**Бесінші топ:**

Ауыл тұрғындарының тыныш еңбек етуін қамтамасыз етіп, қоғамдық тәртіпті тұрақты сақтау.

Бұл мәселе ауылдың атқарушы органы - ауыл әкімі, қоғамдық ұйымдармен, ауданның құқық қорғау мекемелерімен бірлесе отырып, ауыл адамдарының алаңсыз еңбек атқарып, ауылда және т/б елді мекендерде жүріп тұруына, барыс-келісіне қолайлы жағдай жасап, қоғамдық орындарда, отбасындағы адамдардың жауапкершілігін арттырып, әкімшілік талаптарды орындау. Ауылдың ақсақалдары мен зиялы қауымымен ақылдасып, ауыл тұрғындарының жиынында осы құралатын 5 топтың мүшелігіне ауылдың білімді, саналы, сыйлы азаматтары таңдалады.

**Құрметті сайлаушылар!**

Әкім болып сайлана қалсам, әрине Сіздердің қолдауларыңызбен. Бәріңіздің бастарыңызға немесе Кеншоқы ауылына түгелдей аспаннан қүймақ жауғандай жасаймын деп айтудан аулақпын. Дегенмен қолымнан келетін істерді атқаруға дайынмын.

Таңдау сіздерде!

**Сайлауалды бағдарлама ақысы келісім-шарт негізінде республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.**

## ӨМІРБАЯН

Қалижанов Нияз Амангелдіұлы 1965 жылы 20 ақпанда Қарағанды облысы, Шет ауданы, Шет кеңшарында туған.

Мичурин совхоз техникумын техник-механик мамандығы бойынша, «КГТИ-Лингва» Орталық Қазақстан Университетін қаржы бакалавры бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1981 жылы Шет кеңшарында жұмыскер болып бастайды. 1983 жылы жүргізуші, 1983-1985 жылдары КСРО Қарулы күштері қатарында Отан алдындағы әскери борышын өтеп келгеннен кейін еңбек жолын 1985-1988 жылдары шеберхана жұмыскері болып жалғастырады.

1994-1995 жылдары кеңшарда техник-механик, 1996-2011 жылдары «Қармыс» шаруа қожалығының жетекшісі болды.

2011 жылдан мемлекеттік қызметте. 2011-2015 жылдар аралығында Шет ауданының ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің бас маманы, 2015 жылдан бүгінгі күнге дейін Шет аудандық ауылшаруашылығы бөлімінің бас маманы болып еңбек етеді.

Отбасылы, 5 баланың әкесі.

# ШЕТ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІ ЛАУАЗЫМЫНА ҮМІТКЕР ҚАЛИЖАНОВ НИЯЗ АМАНГЕЛДІҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Құрметті сайлаушылар!**

Алдағы сайлаудың негізгі мақсаты - қоғамға қызмет жасау мен мемлекеттілікті нығайтудың жаңа талаптарына сәйкес келетін мемлекеттік басқарудың жаңа типін қалыптастыру болып табылады.

Өз кандидатурамды ауыл әкімі лауазымына ұсына отырып, мен өзіме Қазақстан Республикасының Президенті саясатының негізгі бағыттарын жүзеге асыруды, жергілікті жердегі халықтың жағдайын одан әрі жақсартуды, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуды міндет деп есептеймін.

Сайлаушылар тарапынан түскен мәселеге жіті мән бере отырып, оны жүзеге асыруға күш салып, әрі жауапкершілік жүгін сезіне отырып, сенімдеріңізден шығуға тырысамын.

Ауыл әкімі болып сайланған жағдайда менің жұмысымның негізгі бағыттары келесі іс-шараларды жүзеге асырумен анықталады:

♦ Ауылдың ішкі жолдарын жөндеу;

♦ Көшелерге жарық шамдарын орнату;

♦ Ауылда орналасқан тойхананы жөндеу;



♦ Балалар ойнайтын алаңын салу;

♦ Бос ғимарат немесе босаған үй болса бала-бақша ашу;

♦ Ауыл ақсақалдарымен бірлесіп ауыл мешітінде жастарға имандылық, тәрбиелік жұмыстарын ұйымдастыру;

♦ Ауыл жастарымен бірлесіп ауылда туындаған күрделі мәселелерді дер кезінде шешу.

♦ Қоғамның әлеуметтік көмекке мұқтаж зейнеткерлер, мүгедектер тағы басқа нысаналы топтағыларға атаулы әлеуметтік қолдау көрсету;

♦ Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына алғашқы кезекте жәрдем беру;

♦ Шаруашылық қожалықтарына қоғамдық қорлар мен шағын кредиттік ұйымдар арқылы несиелердің бөлінуіне, жастар арасындағы кәсіпкерлікті дамытуға несиелер мен гранттардың бөлінуіне ықпал жасау;

♦ Ауыл деңгейіндегі мәселелерді ауыл тұрғындарымен салмақтап шешуі үшін, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмысын жандандыру қажет деп санаймын.

♦ Ауылдық округте жастардың спортпен айналысуына, спорт кешендерін ашу мүмкіндіктерін қарастыруға және мәдени іс-шараларды өткізуге септігімді тигіземін. Бұқаралық спортты дамытуға, спорттық сауықтыру кешендерін салуға күш саламын.

♦ Жастар арасында рухани тәрбиені жандандыру, олардың болашаққа деген көзқарасын қалыптастыруда жұмыстар жасау, тұлға болып қалыптасып қоғамға қажетті мамандықтар таңдап еліміздің дамуына үлес қосуға тәрбиелеуде жанжақты мүмкіндіктерді қарастыру

Аталған бағыттар мен міндеттерді негізге ала отырып, ауыл әкімі лауазымына кандидат ретінде негізгі міндеттеген мақсаттардың барлығының орындалуына бар күш жігерімді жұмсайтындығыма және барлық жоспарлар мен жобалар ауыл тұрғындарының қалауын ескере отырып, жасалатындығына уәде беремін. Біздің ортақ мақсатымыз - мемлекеттік бағдарламалар және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру арқылы қоғам өміріне көптеген өзгерістер енгізу.

**Құрметті сайлаушылар!**

Ауыл әкімі болу үлкен жауапкершілік пен күш-жігерді қажет ететінін түсіне отырып, Сіздердің сенімдеріңізді ақтау үшін бар білімімді және тәжірибемді салуға дайынмын. Ауылды өркендетуге, тұрғындарды игілікті істерге бастауға қабілетімді жұмсай отырып, жұмыс жүргізуге өздеріңізді сендіремін.

**Мен үшін дауыс беріңіз!**

**Сайлауалды бағдарлама ақысы келісім-шарт негізінде республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.**

Сайлау-2021

## КРАСНАЯ ПОЛЯНА АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНАН ҮМІТКЕР ШАЙЖАНОВ ЖАЙДАР АБДУЛЛАҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

## ПРЕДВЫБОРНАЯ ПРОГРАММА КАНДИДАТА ОТ ПАРТИИ «NUR OTAN» НА ВЫБОРЫ АКИМА КРАСНО ПОЛЯНСКОГО СЕЛЬСКОГО ОКРУГА ШАЙЖАНОВА ЖАЙДАР АБДУЛЛАЕВИЧА

**Құрметті Красная поляна ауылдық округінің сайлаушылары!**

Мен, Шайжанов Жайдар, Красная поляна ауылында туып-өспесем де, тұрмыс-тіршілігі мен тарихына қанықпын. Мемлекеттік қызметте жинаған тәжірибеммен 2 жоғары білімімді Красная полянаның дамуына жұмсауға белбудым.

Тұңғыш Президент - Елбасы, «Nur Otan» партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ауылдарды өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруымыз керек» дегенін назарға алып, жоғары білім алған соң еңбек жолымды ауылға қызмет етуден бастадым. Жаңаарқа, Шет ауданы әкімі аппараттарында инспектор қызметтерін атқарып, Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы болдым. Қазіргі таңда Шет ауданы әкімінің аппараты ұйымдастыру бөлімінің басшысы болып қызмет атқарамын.

Ауылда туып-өсіп, елмен етене араласып жүргендіктен де ауыл тұрғындарының күн сайынғы қиындықтарын бір кісідей білемін. Жолдардың нашарлығы, жарықтың жиі өшірілуі, балабақшадағы орынның тапшылығы бәрімізді де толғандырады.

Мен осы мәселелерді шешудің тетіктерін, ауыл өмірін қалайша жақсартуға болатынын білемін! Бұл үшін маған Сіздердің қолдауларыңыз керек!

**Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы төрт жылда уәде беремін:**

♦ 2022 жылы Дербісалы ауылының электр желілерін коммуналдық меншікке алу жұмыстарын жүргіземін.

♦ 2023 жылға қарай Қарағанды қаласынан ауылға келетін 4,5 км жолды жөндеуден өткізуге ықпал етемін.

♦ 2022-2023 жылдары елді мекендерге балалар ойын алаңы салынатын болады.

♦ 2022-2024 жылдары көшелерге жарықтандыру, жолдарға жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

♦ 2024 жылға дейін мәдениет үйіне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілетін болады.

Мен ауданның бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін.

♦ 2023 жылы балаларымыздың жайлы жағдайда өсуі мен дамуы үшін мемлекеттік-жеке меншік серіктестігі ар-қылы бала бақша ашуға;

♦ 2023 жылы қоғамдық орындарға барлық жастағы тұрғындарға арналған заманауи көше тренажерларын орнатуға күшімді саламын.

♦ Ұлтаралық қатынасты нығайтуға;

♦ Көп балалы, аз қамтылған отбасылар мен мүгедектерге әр-түрлі көздерден көмек көрсетуге;

♦ Кәсіпкерлікті дамыту үшін әр-түрлі мемлекеттік бағдарламалардан гранттар мен несиелер алуға;

♦ Жастарды жұмыспен қамтуға үлесімді қосамын.

**Қымбатты ауыл тұрғындары!**

Ауылымыздың ертеңі қандай болатыны сіз бен бізге байланысты.



Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздің даусыңыз - өз жақындарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

Берекелі ауыл - табысты мемлекет!

**Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!**

**Уважаемые избиратели Краснополянского сельского округа!**

Я, Шайжанов Жайдар, хоть не родился в селе Красная поляна, но хорошо знаю сельский округ и его историю. Опыт, полученный на государственной службе и 2 высших образования решил использовать на развитие Краснополянского сельского округа.

Свою трудовую деятельность начал инспектором аппарата акима Жанааркинского района, потом работал инспектором аппарата акима Шетского района, главным специалистом аппарата акима Аксу-Аюлинского сельского округа, а позже руководителям организационного отдела аппарата акима Шетского района.

Так как я родился и вырос в сельской местности и частое общение с жителеми позволило понять, с какими сложностями ежедневно сталкиваются жители нашего округа. Плохие дороги, проблемы с водоснабжением, нехватка детских площадок - все это знакомо каждому.

Сегодня я четко понимаю, как можно решить эти проблемы и улучшить жизнь в нашем округе! Сделать это я смогу только с Вашей поддержкой!

**Если выберите меня акимом я в ближайшие 4 лет:**

• В 2022 году проведу работу по передаче электрических сетей села Дербисалы в коммунальную собственность;

• Буду способствовать ремонту 4,5 км дороги со стороны г.Караганды в село до 2023 год.

• Буду способствовать строительству в населенных пунктах детских игровых площадок в 2022-2023 годах;

• Буду способствовать проведению работ по уличному освещению в 2022-2024 годах;

• Буду добиваться проведения капитального ремонта Дома культуры до 2024 года;

Я понимаю, что бюджет района ограничен и по этому буду искать дополнительные источники финансирования для:

• Открытия нового детского сада в 2022 году через государственно-частное партнерство, что будет и росли развивались в комфортных условиях;

• Установки в общественных местах современных уличных тренажеров в 2023 году.

**Внесу вклад в:**

• укрепление межнациональных отношений;

• оказание помощи многодетным, малообеспеченным семьям и инвалидам из различных источников;

• получение грантов и кредитов из различных государственных программ для развития предпринимательства в селе, особенно среди молодежи;

• содействие занятости молодежи.

**Дорогие жители села!**

От каждого из нас зависит каким будет завтращний день нашего села.

Поэтому, я приглашаю Вас прийти на избирательные участки проголосовать за меня.

Ваш голос - это вклад в счастливую и благополучную жизнь наших детей, молодежи, жителей села!

Благополучное село - успешная страна!

**Приходите на выборы! Голосуйте за меня!**

**Сайлауалды бағдарлама ақысы келісім-шарт негізінде республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.**

---

**Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!**

***«Ауылдарды өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруымыз керек»***

**Тұңғыш Президент - Елбасы,**
**«NurOtan» ПартиясыныңТөрағасы**
**Н.Ә.Назарбаев.**

## КЕНШОҚЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНАН ҮМІТКЕР СМАИЛОВ ДАРХАН БЕКДАРҰЛЫНЫҢ САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Құрметті Кеншоқы ауылдық округінің тұрғындары!**

Мен, Смаилов Дархан Бекдарұлы Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылында туып өстім.

Бала кезден ата-анам мені адалдыққа, еңбек сүйгіштікке, туған жерді сүюді үйретті.

Менде өз балаларымның бойына осы құндылықтарды сіндіруге тырысамын.

Жол қозғалысы инженері және экономика саласын құқықтық реттеу мамандығы бойынша жоғары білім алдым. 2007 жылдан Шет аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясында іс жүргізуші қызметінен бастап бөлім басшысына дейін көтерілдім. Қазіргі уақытта осы бөлімнің басшысымын.

Ауыл халқымен етене араласып жүргендіктен, кент тұрғындарының күн сайынғы қиындықтарын бір кісідей білемін. Жолдардың нашарлығы, ауыз-су мәселесі, интернет байланысының нашарлығы бәрімізді де толғандырады.

Мен осы мәселелерді шешудің тетіктерін, ауыл өмірін қалайша жақсартуға болатынын білемін. Бұл үшін маған сіздердің қолдауларыңыз қажет!

Тел / WhatsApp:
+ 7 771 284 90 23

*Құрметпен, Дархан Бекдарұлы*

***Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!***

**Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда УӘДЕ БЕРЕМІН:**

✓ 2025 жылға дейін елді мекеннің коммуналдық инфрақұрылым нысандары бойынша жұмыстарды жүргізуге *(ауыз су, автомобиль жодары, көше жарықтандыру, абаттандыру, санитарлық тазалық)* ықпал етемін.

✓ Әлеуметтік мәселелерді



шешу, оның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға балабақша ашу мәселесін шешу. Ол үшін қазіргі уақытта мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, іске асырылып отырған жекеменшік серіктестік арқылы, балабақша қызметін ұйымдастыру.

✓ 2025 жылға дейін көп балалы және жағдайы төмен отбасыларына әлеуметтік қолдау мен көмек көрсетілуіне белсенді түрде атсалысамын. Көшелерімізде, қоғамдық орындарда тәртіптің сақталуы мен жасөспірімдер арасындағы бұзықтықты болдырмауды ауыл ақсақалдарымен, полиция қызметкерлерімен, ұстаздармен бірлесе жұмыс арқылы қамтамасыз етуге ықпал жасаймын.

✓ Ауыл шаруашылығы саласы мен шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға ықпал жасаймын.

✓ Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін.

**Күшімді саламын:**

✓ Халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыруға;

✓ Ауылдан шыққан танымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттауға

**Үлесімді қосамын**.

**#BizBirgemiz**

**Қымбатты ауыл тұрғындары!**

Ауылымыздың ертеңі қандай болатыны сіз бен бізге байланысты.

Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздің дауысыңыз - өз жақын-жұрағаттарыңыз бен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

**Берекелі ауыл - табысты мемлекет!**

**Сайлауға келіңіз!**
**Мен үшін дауыс беріңіз!**

**Сайлауалды бағдарлама ақысы келісім-шарт негізінде республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.**

Сайлау-2021

**Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!**

***«Ауылдарды өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруымыз керек»***

**Тұңғыш Президент - Елбасы, «NurOtan» ПартиясыныңТөрағасы Н.Ә.Назарбаев.**

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, ШЕТ АУДАНЫ, АҚАДЫР КЕНТІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНАН ҮМІТКЕР АЗАМАТ АЗАТҰЛЫ ӘБІЛДИННІҢ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Құрметті Ақадыр кентінің сайлаушылары!**

Мен, Әбілдин Азамат Азатұлы, 1977 жылдың 3-ақпанында Ақадыр ауданы, Ақшатау кеңшарында дүниеге келдім.

Бала кезден ата-анам мені адалдыққа, еңбек сүйгіштікке, туған жерді сүюге үйретті.

Менде өз балаларымның бойына осы құндылықтарды сіңіруге тырысудамын.

1993 жылы Ақшатау кентінің орта мектебін бітіріп, 1997 жылы Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің тарих факультетін бітірдім.

Еңбек жолымды 2001 жылы Ақжал кентінің орта мектебінде тарих пәнінің мұғалімі болып бастадым. 2003 жылдан бастап мемлекеттік қызметтемін. 2012 жылдың 15-тамызынан Шет ауданы әкімінің орынбасары қызметін атқарып келемін.

Ауыл халқымен етене араласып жүргендіктен, кент тұрғындарын мазалап жүрген мәселелерді бір кісідей білемін. Кентішілік жолдардың нашарлығы, ескі үйлердің сырт келбеті, көпқабатты үйлерді жылу қазандықтарына қосу, әлеуметтік сұрақтарды шешу, аулаларды абаттандыру бәрімізді де толғандырады.

Мен осы мәселелерді шешудің тетіктерін, ауыл өмірін қалайша жақсартуға болатынын білемін. Бұл үшін маған сіздердің қолдауларыңыз қажет!

**Мен әрқашан байланыстамын!**

Тел/WpatsApp:+77024005563
Email: a_abildin77@mail.ru

***Құрметпен Азамат Азатұлы!***

**Мені кент әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда УӘДЕ БЕРЕМІН:**

✓ 2021-2024 жылдары кентішілік автожолдардың қанағаттанарлықсыз жағдайын



жөндеуге ықпал етемін.

✓ 2021-2024 жылдар аралығында бір 24 пәтерлі және екі 12 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысына жәрдемдесетін боламын;

✓ 2022-2024 жылдары тұрғын-үй коммуналдық шаруашылықты жаңғырту тетігі арқылы ескі үйлердің сырт келбетін жөндеуді.

✓ 2022-2023 жылдары Ақадыр кентіндегі спорт мектебі стадионында жүгіру жолағын салуға, ғимаратта орналасқан отқазандығын сыртқа шығаруға жәрдемдесетін боламын.

✓ 2022-2024 жылдары спорт алаңдары мен көпфункциялы хоккей корттарын салуды жалғастырамын.

✓ 2024-2025 жылдар аралығында Ақадыр кентіндегі су жинағышты және кентішілік арықтарды тереңдетуді кезең-кезеңмен салынуына үлесімді қосамын.

✓ 2021-2023 жылдар аралығында аурухана ғимаратын күрделі жөндеуден өткізуге, қажетті медициналық жабдықтармен қамтамасыз етуге жәрдемдесемін.

✓ 2021-2024 жылдар аралығында аулаларды абаттандыру, көшелер мен қоғамдық орындарды жарықтандыруды жүргіземін.

**Күшімді саламын**

✓ Халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске;

✓ Азаматтық бастамаларды қолдауға, кентімізден шыққан танымал тұлғалардың мәдени-рухани мұрасын насихаттауға;

✓ Кентіміздің даңқты спорттық дәстүрін жалғастыруға.

**Үлесімді қосамын**

✓ Кентіміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуы мен ақадырлықтардың әлауқатының өсуіне ат салысамын.

**#BizBirgemiz**

**Сайлауалды бағдарлама ақысы келісім-шарт негізінде республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.**

**Қиындықты еңсеріп, жеңіске бірге жетеміз!**

***«Ауылдарды өмір сүруге қолайлы мекенге айналдыруымыз керек»***

**Тұңғыш Президент - Елбасы, «NurOtan» ПартиясыныңТөрағасы Н.Ә.Назарбаев.**

# ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ, ШЕТ АУДАНЫ, КӘРІМ МЫҢБАЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ САЙЛАУЫНА «NUR OTAN» ПАРТИЯСЫНАН ҮМІТКЕР МУСТАФИН СЕРЖАН ШАЙХЫҰЛЫНЫҢ 2021-2025 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

**Құрметті Кәрім Мыңбаев атындағы ауылдық округінің сайлаушылары!**

Мен, Мустафин Сержан Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылында туып-өстім.

Тұңғыш Президент - Елбасы «Nur Otan» Партиясының Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың «Ауыл шаруашылығын жаңғырту маңызды мәселе. Біздер үшін басты міндет-фермерлікті, ауылдардағы шағын және орта бизнесті дамыту» дегенін назарға алып осы күнге дейін жинаған тәжірибемді Кәрім Мыңбаев ауылының көркейуіне, ауыл шаруашылығын одан әрі дамытуға жұмсауға бел будым.

Тау-кен инжинері мамандығы бойынша жоғарғы білім алып еңбек жолын Ақжал тау кен орнынан бастадым. Қазіргі таңда Ақадыр кентінде «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік Корпорациясы Ке АҚ Қарағанды облысы бойынша Шет аудандық №2 Халыққа қызмет көрсету жөніндегі бөлімінің басшысы болып қызмет атқарамын.

Ауыл тұрғындарының жағдайын одан әрі жақсартуды, әлуметтік экономикалық даму бағдарламаларын орындау қызметімдегі ең басты міндеттерім деп есептеймін. Барлық жоспарлар мен жобалар ауыл тұрғындарының қалауын ескере отырып, жасалатындығына уәде беремін.

**Мен әрқашан байланыстамын!**

Тел/WhatsApp: +77021983002
Email: Serzhan-78@mail.ru

***Құрметпен, Сержан Шайхыұлы Мұстафин.***



**Мені ауыл әкімі етіп сайласаңыздар, алдағы 4 жылда УӘДЕ БЕРЕМІН:**

✓ 2025 жылға дейін ауылға кіреберіс жолдарды жөндеуге ықпал ететін боламын;

✓ Сонымен қатар, 2025 жылға қарай ауыл көшелерін жарықтандыруға ықпал ететін.

Мен ауылдың бюджеті шектеулі екенін түсінемін, сондықтан қосымша қаржыландыру көздерін іздеймін.

✓ 2025 жылға қарай барлық жастағы тұрғындарға арналған заманауи жабдықталған спорт алаңын салуға.

**Үлесімді қосамын.**

✓ Халықтың құқықтық және қаржылық сауаттылығын арттыру;

✓ Көп балалы және аз қамтылған отбасыларға әлеуметтік қолдау және көмек көрсету;

✓ Көшелерде, қоғамдық орындарда құқықтық тәртіпті сақтау;

✓ Ақсақалдармен, полиция қызметкерлерімен, мұғалімдермен бірлескен жұмыс арқылы жасөспірімдердің бұзақылығына жол бермеу.

**#BizBirgemiz**

**Қымбатты ауыл тұрғындары!**

Ауылымыздың ертеңі қандай болатыны сізбен бізге байланысты.

Сондықтан Сіздерді сайлау учаскесіне келіп, маған дауыс беруге шақырамын.

Сіздің даусыңыз - өз жақын-жұрағаттарыңызбен ауылдастарыңыздың бақытты және бақуатты өміріне қосқан үлесіңіз!

Берекелі ауыл - табысты мемлекет!

**Сайлауға келіңіз! Мен үшін дауыс беріңіз!**

**Сайлауалды бағдарлама ақысы келісім-шарт негізінде республикалық бюджет қаржысы есебінен төленді.**

Сайлау-2021

## АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР МЕН КЕНТТЕР ӘКІМДЕРІНЕ КАНДИДАТТАРДЫҢ САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУГЕ АРНАЛҒАН ОРЫНДАР ТІЗБЕСІ

| № | Елді мекен атауы | Сайлаушылармен кездесу үшін мекен-жайы, орналасқан жері | Әлеуметтік қашықтықты ескере отырып, отыратын орындар саны | Меншік иесі және байланыс |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Ақадыр кенті | Ш. Бейсекқызы атындағы мәдени-сауық орталығы, Тұяқов көшесі, 10 | 30 | Н.Бесимов 87770527203 |
| 2 | Батық ауылы | Батық ЖББ мектебі Абай к-сі 39 | 30 | О. Бокейхан 87025841168 |
| 3 | Дәрия кенті | Дария мәдениет үйі, Сейфуллин к-сі 24 | 30 | Н. Бейсенбаев 87716170147 |
| 4 | Красная Поляна ауылы | Красная Поляна мәдениет үйі, Байқоңыр көшесі 24 | 30 | С. Алдажарова 87058737655 |
| 5 | Қызылтау ауылы | Қызылтау ЖББ мектебі, Октябрьская к-сі, 9 | 30 | Е.Смагул 87782738194 |
| 6 | Үңірек ауылы | Үңірек мәдениет үйі, Үңірек көшесі 24 А | 30 | Ж. Толеутай 87770493109 |
| 7 | Өспен ауылы | Өспен ауылының мәдениет үйі, С.Сейфуллин көшесі, 8 | 30 | Е. Тажентаев 87750096297 |
| 8 | Кеншоқы ауылы | Кеншоқы ауылы, мәдениет үйі Абай көшесі, 1 | 30 | О. Дарибаев 87771073632 |

## Ауылдық округтер мен кенттер әкімдеріне кандидаттардың үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар тізбесі

| № | Елді мекендер атауы | Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар |
|---|---|---|
| 1 | Ақадыр кенті | Абай даңғылындағы ақпараттық тақта |
| 2 | Батық ауылы | Абай көшесіндегі Гүлжібек дүкенінің қабырғасы |
| 3 | Дәрия кенті | М.Әуезов көшесіндегі Сымбат дүкенінің қабырғасы |
| 4 | Жамбыл кенті | Рудный көшесі, 9 үйдің қабырғасы |
| 5 | Красная Поляна ауылы | Комаров көшесіндегі №37 үйдің жанындағы ақпараттық тақта |
| 6 | Қызылтау ауылы | С.Сейфуллин көшесіндегі ақпараттық тақта |
| 7 | Үңірек ауылы | Бейбітшілік көшесіндегі ақпараттық тақта |
| 8 | Өспен ауылы | Қ.Сәтбаев көшесіндегі Ақылбай дүкені жанындағы ақпараттық тақта |
| 9 | Нұра ауылы | С.Мұқанов көшесіндегі ақпараттық тақта |

## ШЕТ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
### Шет ауданының ауылдық округтері мен кенттері әкіміне кандидаттарды тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

Шет аудандық сайлау комиссиясы "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 113-1-бабына сәйкес 2021 жылдың 25 шілдесіне тағайындалған Шет ауданының Ақадыр, Дәрия, Жамбыл кенттері мен Батық, К.Мыңбаев, Красная поляна, Кеншоқы, Өспен, Шет, ауылдық округтері әкіміне 2021 жылдың 9-14 шілдесі аралығында 14 кандидаттың тіркелгендігін хабарлайды.

**Ақадыр кенті:**

- Айқынбаев Мәди Айдарұлы - 1990 жылы туған, Ақадыр кенті әкімнің орынбасары, "Ақадыр кенті әкімінің аппараты" ММ, Шет ауданы, Ақадыр кентінің тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Касимова Роза Бекжанқызы - 1964 жылы туған, бухгалтер, "Балбөбек" бөбекжайы КМҚК, Шет ауданы, Ақадыр кентінің тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

**Дәрия кенті:**

- Төлеуқұлов Нұрман Маратұлы - 1991 жылы туған, бас инспектор, «Шет ауданы әкімінің аппараты» ММ, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен

- Меерманов Ақылбек Өрікбайұлы - 1979 жылы туған, станса бастығы, ҚТЖ Қарағанды жүк тасымалдау бөлімшесінің Қарамұрын стансасы, Шет ауданы, Дәрия кентінің тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Сағындық Бүркітбай Жолдасұлы - 1962 жылы туған, станса бастығы, ҚТЖ Қарағанды жүк тасымалдау бөлімшесінің Дәрия стансасы, Шет ауданы, Дәрия кентінің тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

**Батық ауылдық округі:**

- Әбілда Нұрасыл Зарлықханұлы - 1979 жылы туған, бас маман, «Батық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Шет ауданының Батық ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Сағымбек Абай Манатұлы - 1988 жылы туған, бас маман, «Нұраталды ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Шет ауданының Қошқарбай ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

**Кеншоқы ауылдық округі:**

- Күлейменов Алмас Жолдыбекұлы - 1974 жылы туған, инженер топограф, «Қарағанды су қоймалары» КМК, Қарағанды қаласының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен

- Баданов Бауыржан Аманкелдіұлы - 1972 жылы туған, уақытша жұмыссыз, Шет ауданы Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

**Красная поляна ауылдық округі:**

- Оразалин Бахтияр Тлеубайұлы - 1989 жылы туған, бас маман, «Шет ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Шет ауданының Бұрма ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Тыныбаев Бейбіт Кәсіпқұлұлы - 1987 жылы туған, бас маман, «Бұрма ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Шет ауданының Бұрма ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

**Өспен ауылдық округі:**

- Махметов Темірлан Төкенұлы - 1995 жылы туған, бас маман, «Ақсу-Аюлы ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

**Шет ауылдық округі:**

- Қалижанов Нияз Амангелдіұлы - 1965 жылы туған, бас маман, «Шет ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ, Шет ауданының Қармыс ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен;

- Қалықов Ерулан Темірғалиұлы - 1977 жылы туған, көлік жүргізушісі, ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Шет ауданының Ақсу-Аюлы ауылының тұрғыны, өзін-өзі ұсынуымен.

**Аудандық сайлау комиссиясы.**

Иманы кемел ел мықты

# ЛАҢКЕСТІК ӘРЕКЕТТЕРГЕ ҚАНДАЙ ЖОЛМЕН БАРАДЫ?

Таяу Шығыста жаға ұстатар лаңкестік әрекеттер жиі орын алуда. Ондағы «қасиетті соғыстың» сарбаздары мен құрбандары кімдер? Оған қандай жолмен барды?

Сәл ілгерірек ой жүгіртсек, өз Отанынан жыраққа кетудің басты себептерін аңғару аса қиындық туғыза қоймайды. Қарапайым әдіс қолдану арқылы, яғни діннен еш хабары жоқ жандарды радикал-экстремистер көкейлеріндегі келелі кеңестерімен кестелеп, баурай бастайды. Қатарларына қосуға үгіттейді. Олардың жымысқы әрекеттерін «үш күн немесе үш шақ» теориясымен түсіндіріп көрсек. Оның алғашқысын еске алу деп белгіледік. Келесі кезекте осы шақтағы - өзін толық сезіну кезеңі, соңғы нүкте - мақсатына жету ісі.

«Бірінші күн немесе өткен шақ»

Жекелеген діни топ және жат ағым өкілдері насихат кіріспесін өткен шақты еске алудан бастайды. Ол - «бірінші күн немесе өткен шақ» кезеңі.

Бұл саты, адамның дүниеге келгенінен бастап жат ағым өкілін кездестіргенге дейінгі уақыт өлшемін қамтиды. Демек, арбаушы адамның жүріп өткен жолындағы жасаған амалдарын қателікке балап, күнәларын ұдайы есіне түсіртіп, кінәлілік сезіміне бойлатып, қолдан «күнәһар» жасап шығарады.

Торға шырмалған пендеге бұл ауыр тиіп, өз-өзінен жиіркеніп, тазаруға асығады. Ол ластығынан құтылудың жолын іздеп, сұрақтарына жауап таппай шөліркейді. Осы тұста, сенім ұялатушы жан құтқарушы секілді жедел қол ұшын созады. Күнәһарлықтан айықтыратын «шипагердей» болып көрінген жат ағым өкілінің уытты сөздері бұдан әрі өтімді болары хақ.

Тиісінше, арбаушы енді өз түсінігін еркін ашық баяндауға кірісіп, екінші сатыға шығады.

«Екінші күн немесе осы шақ»

Алданушының өткен күндерінде күнәһар болғанын айтып, жазғырып келген арбаушы енді «екінші күн немесе осы шақ» кезеңінде өзінің діни сенімі мен ұстанымдарын сіңіртуге жұмыс жасайды. Оның ойында қалыптасқан дін турасындағы танымтүсінігін теріске шығарып, ақиқат аймағының алшақ екендігін, тек өздеріне сену қажеттілігін айтып, арандатады.

Бұл айла-тәсілде күш қолданылмайды, қысым да көрсетілмейді. Сананы улау арқылы нәтижеге жетеді. Қақпанға түскен жанның ақпарат алу шеңберін тарылтып, өздеріне тәуелді етеді. Өзіндік ойы мен пікірін жоғалтып, ермелікке ендіреді.

Сенімге кірген діни топ немесе жат ағым өкілі құрбанына қоғамның тек қараңғы тұстарын жіпке тізіп, өсіп-өнген ортасынан «кетуге» һәм түсініктеріне сай «өзгертуге» үгіттейді. Осылайша өзін бірінші күні «күнәһар» сезінген адам, енді айналасына сенімі жоғалып, төзімсіздікпен қарайтын, агрессивті «радикал» болып шыға келеді.

Осылайша «радикалдан» «терроршы» шығару қиындық тудырмайды. Жат ағым өкілдерінің басты мақсаты да «тірі бомба» немесе «терроршы» дайындап шығару болатын. Дегендеріне жеткен олар ендігі жерде өз алданушыларынан нақты қадамдар күтеді. Бұл қадамдар «үшінші күн немесе келер шақ» кезеңінде жүзеге асады.

«Үшінші күн немесе келер шақ»

Қоғамның тек көлеңкелі тұстарын ғана көретін, тыңғылықты дайындығы бар озбыр одан әрі ол ортада өмір сүруге шыдамайды. Осы шыдамсыздық терроршының алдына екі түрлі таңдау қояды.

Біріншісі: барлық жақындарынан бас тартып, өз ортасынан кету. Оған қазіргі таңдағы «Ат-такфир уал-хижра» ағымын ұстанып, өз отанынан «һижрет» *(елден кету)* жасап, «нағыз ислам мемлекеті осында» деп, Таяу Шығысқа қоныс аударушылар дәлел.

Жаңа қонысқа орналасқан соң ғана қателескендеріне, адасқандардың өзгелер емес, өздері екеніне көздері жетеді. Әйткенмен, жаңылыс басқанын түсіне қоймағандары жат ағымға толығымен беріліп, «қасиетті соғысқа» қатысады және «шәһид» боламын деп бақилыққа аттанады.

Екінші жол: терроршылар өздерін құтқармаққа жоспар құрады. Яғни, өз көзқарастарымен келіспейтіндерді бұл адасуларынан құтқару керек деп біліп, бейбіт күні соғыс ашады. Түрлі терроржық әрекеттер арқылы өз отанына лаңкестік жасайды.

Мәселен, 1990-жылдары Жапонияда Секо Асахара есімді адам «Аум Сенрике» ұйымын жасақтайды. Сонымен қатар, сол жылы өз жақтастарымен саяси партия құрып, сайлауға қатысады. Бірақ жеңіліске ұшырайды. Осыдан соң Секо Асахара жақтастарына «біз сайлаудан жеңіп адамдарды тура хақ жолға түсіре алмадық, ендеше оларды адасудан сақтап, құтқарайық» деген идеяны негізге ала отырып, 1995 жылы Токионың метросында «Зарин» газын қолдану арқылы теракт ұйымдастырды. Нәтижесінде 13 адам қаза тауып, 6 мыңнан астамы зардап шегеді.

Олардан іс-әрекеттері жайлы сұралғанда, «адамдарды құтқаруға ұмтылыс» жасағандықтарын айтқан. Бұл екі жолды да өз мақсаты етіп алған діни топтардың барлығы «экстремистік-террорлық» ұйым ретінде танылып, әлем елдерінің көпшілігінде тыйым салынды.

Кезеңдерді мысалға келтіргенімізден байқасаңыздар, бұл үш күндік жұмыс нәтижесінде дайындалған терроршының зауалы бір мемлекетке немесе бір ұлтқа емес, күллі адамзатқа тиетіні белгілі. Олар бейбіт күннің бәсін біле алмайды.

**Ауданның ішкі саясат бөлімі.**

**Шет ауданының әкімдігі жер учаскелерін 2021 жылдың 30 сәуірде сағат 10.00-де конкурс өткізеді. Мекен-жайы: Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақсу-Аюлы ауылы, Шортанбай жырау көшесі, 24 / Акимат Шетского района проводит конкурс по предоставлению земельных участков, который состоится 30 апреля 2020 года 10.00 ч. По адресу: Карагандинская область, Шетский район, село Аксу-Аюлы, ул Шортанбай жырау, 24.**

## ҚАЙТАЛАУ АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шарушылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Шет ауданы әкімінің аппараты» ММ**

## ПОВТОРНОЕ ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

